



Салық кодексі салықтық әкімшілендіруді жаппай жеңілдетуді көздейді. Атап айтқанда, салық есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарады, салықтардың саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылады. Елеулі өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салықтарынан бастап инвестицияларды ынталандыру және салық жүктемесін қайта бөлу секілді барлық негізгі бағытты қамтиды.

Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді. Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді: 2026 жылдан 5 пайыз, 2027 жылдан 10 пайыз.

Бұл ретте Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері ҚҚС-тан босатылады.

Мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленеді. ҚҚС бойынша міндетті есепке қою үшін айналымның төменгі шегі 10 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (40 миллион теңге) төмендетіледі.

Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан (БЗЖҚ) төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан (ЖТС)

ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды

босатылады. Пайдаланылу мерзімі 10 жылдан жоғары автомобильдер үшін көлік құралы салығы төмендетілді. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік салықтық шегерімдер 882-ден 5000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтардың саны азайды: бірыңғай жер салығы қысқартылды, жеке төлемақылар бойынша мөлшерлемелер мен алымдардың саны кемітілді.

Арнаулы салық режимдері оңтайландырылды. Енді олар үш жағдайда қолданылады: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа қожалықтары үшін.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы есептеп, төлей алады.

Корпоративтік табыс салығы (КТС) 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда сараланған салықтық мөлшерлеме

енгізіледі. Атап айтқанда, банктер (бизнес субъектілерін кредиттеуді қоспағанда) мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлеме қалады.

Қор нарығын ынталандыру үшін биржалық құнды қағаздарға төленетін дивиденттерге салық жеңілдіктері сол күйі сақталады. «Бәйтерек» холдингі шығарған құнды қағаздардан түсетін кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен босатылады. Пайдалы қазбаларды өңдеу мен геологиялық барлау саласы үшін қосымша преференциялар қарастырылған. Атап айтқанда, тиімділігі төмен жаңа учаскелер 5 жылға пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады.

Жеке табыс салығының (ЖТС)

прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі.

Жылдық жалпы табысы 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын азаматтарға 15 пайыз салық мөлшерлемесі қолданылады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді. Ал фермерлердің осы межеден асатын табысына бұрыннан сақталған 70 пайыз жеңілдікті есепке ала отырып, 4,5 пайыз салық салынады.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімдерге, атап айтқанда құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, құны 100 миллион теңгеден асатын кемелерге, әр литрінің құны 500 мың теңгеден асатын алкогольге, әр данасының құны 10 мың теңгеден асатын темекі өнімдеріне 10 пайыз акциз түрінде салық салынады. Сонымен қатар жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысандарына мүлік салығы жоғарылайды.

Салықтық әкімшілендіру тәсілдері айтарлықтай өзгереді. Камералдық бақылау ескерту сипатында болады. Салықтық берешекті өндіріп алу, төлемді кейінге қалдыру және бөліп төлеу мүмкіндігін беру процедуралары жеңілдетіледі. Салық берешегі аз болса, бизнестің есепшоттары бұғатталмайды. Қарыз сомасына қарай ескерту және басқа да шаралар кезең-кезеңімен қолданылады.

Кодекс 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Кодекстің мәтіні баспасөзде жарияланады.

Молодежь Талдықорғана за чистый город: состоялся ЭКОСУББОТНИК «TAZA EL - TAZA BOLASHAQ»



Молодые активисты Талдықорғана провели экологический субботник под названием «Taza El - Taza Bolashaq», присоединившись к республиканской акции «Таза Қазақстан». В мероприятии приняли участие представители движения «Жасыл Ел» и сотрудники городского молодежного центра «Талдықорған жастары».

Главная цель субботника - не только очистка территорий от бытового мусора, но и формирование экологического сознания среди населения, развитие ответственности за состояние окружающей среды, особенно среди молодежи.

Как отметил руководитель городского филиала «Талдықорған жастары» Еркебулан Жакан, акция прошла на территории, прилегающей к Дворцу школьников и Молодежному центру:

«Мы часто убираем берега рек - Каратал, Балықты, но в этот раз решили начать с родного двора. Президент страны Касым-Жомарт Токаев не раз подчеркивал, что чистота начинается с малого - с дома, улицы, двора. Мы полностью поддерживаем этот подход».

По его словам, в субботнике участвовали волонтеры, сотрудники молодежных организаций.

Кроме экодеятельности, «Талдықорған жастары» ведет активную работу с молодежью, в том числе с представителями категории NEET - теми, кто не работает и не учится. Таких в городе насчитывается около 2000 человек.

«Мы стремимся вовлечь этих молодых людей в социальную, спортивную и деловую активность. Главное - дать им возможность раскрыть свой потенциал и найти себя», - рассказал Еркебулан Жакан.

По информации областного управления общественного развития.

Биыл Жетісу облысында 2,2 млн тонна жем-шөп дайындау жоспарланып отыр, оның ішінде 1,2 млн. тонна шөп, 341 мың тонна сабан, 117 мың тонна пішендеме, 203 мың тонна сүрлем, 307 мың тонна жемдік астық дайындалады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Биыл Жетісу облысында 2,2 млн тонна жем-шөп дайындалады

Осы жылы мал азығы дақылдарының егіс көлемі облыста 92,5 мың гектарды құрап отыр. Бүгінгі күннің деректеріне сәйкес өңірде 994 мың тонна мал азығы жиналды, соның ішінде 82,8 мың га көп жылдық шөптің бірінші шабындығы толығымен шабылып, екінші шабындық жұмыстары жүргізілуде. Бір жылдық шөптің 7 мың га, табиғи шабындықтың 107 мың гектары шабылды. Одан басқа, 76 мың тонна сабан, 15 мың тонна жем жиналды. Жалпы 786 мың тонна шөп дайындалды. Сол сияқты 117 мың тонна пішендеме басылды.

- Жетісу облысында қолдағы барлық мал басын қыстату кезеңіне 2 млн 890 мың тонна мал азығын жиналады деп есептелген. Бұл қажетті жем-шөптің 1,5 жылдық қоры. Оның 653,4 мың тоннасы өткен жылдан қалған. Мал азығын дайындау жұмыстары аудандарда қызу жалғасып жатыр», - дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н. Кененбаев.



Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ҮЕҰ АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫ
ПРЕМИЯ ДЛЯ НПО

Үкіметтік емес ұйымдар үшін сыйлықақыға өтінім қабылдау жалғасуда

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жыл сайынғы үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыны табыстау конкурсына өтінімдерді қабылдау жалғасып жатыр.

Айта кетсек, өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйекке дейін жалғасады.

Конкурстың мақсаты – ұйымдардың әлеуетін нығайту және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға ынталандыру мақсатында институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлықақы әлеуметтік маңызы бар 16 сала бойынша беріледі. Бір салаға арналған сыйлықақы мөлшері – 2000 АЕК.

Соңғы 8 жылда 486 ҮЕҰ қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге қосқан үлесін көрсетіп, сыйлықақыға ие болды. Солардың ішінде жыл сайын шамамен 10 ауылдық ҮЕҰ аудандар мен ауылдарды дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталды.

Егер сіздің ҮЕҰ қоғам өміріне белсенді араласып, өз саласында көшбасшы ретінде танылып, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге үлес қосып, жаңашыл идеяларды іске асырса байқауға қатысуға шақырамыз.

Конкурсқа қатысу шарттары туралы толығырақ келесі сілтеме бойынша білуге болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk/documents/details/863651?lang=kk>

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: 8 (7172) 74-09-97, 74-07-41, 74-02-17.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми ақпарат ресурсы

Орманғы өрттен сақтайық

Мемлекеттік орман күзетінің мақсаттары мен міндеттері - ормандарды өрттен, заңсыз кесуден, орман пайдалану тәртібін бұзудан, зиянкестерден, аурулардан, ластанудан, зақымданудан, оларға зиян келтіретін басқалардан, әрекеттерден қорғау. ҚР Орман Кодексіне сәйкес мыналарды қамтитын шаралар кешені әзірленді және жүзеге асырылуда: ормандарды ұтымды пайдалану және қалпына келтіру, өрттермен күресу, зиянкестер мен аурулардан қорғау, ормандарды бақылау.

Орман өрттері - ең үлкен табиғи апат, сондықтан орманды өрттен қорғау орман шаруашылығының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Дала өрттері - қорқынышты көрініс. Басқарылмайтын, өршіп тұрған өрт элементі орманда қорқынышты күш пен жылдамдықпен таралады - ең әлсіз өрттің жылдамдығы минутына бір метрге тең. Ең күшті өрттер минутына 3 м кеңею жылдамдығына жетеді, бұл төменгі өрттерге қатысты, ал ағаш тәждерінің жоғарғы жағындағы өрт күші минутына 100 м немесе одан да көп жетеді. Орман өрттерін болдырмау үшін арнайы шаруашылық қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықпен профилактикалық жұмыс жүргізеді, автомобиль жолдарының бойында алдын алу аншлаптары орнатылады, интернет желісі арқылы халықты ақпараттандыру жүргізіледі, мектептерде табиғатты қорғау тақырыбы бойынша дәрістер ұйымдастырылады. Орман өрттерінің пайда болуының алдын алу бойынша іс-шаралар өткізіледі: парақшалар тарату, әңгімелер, аулаларды аралау, аудандық газетке мақалалар жариялау. Табиғатты қорғау және өртке қарсы тақырыпта жаңа ақпараттық белгілерді (аншлаптар, панельдер, плакаттар және т.б.) орнату. Орман өрттерінің көпшілігі адамдардың отпен абайсыз қарым-қатынасынан туындайды. Орманда болған кезде, әсіресе құрғақ, жылы және желді ауа-райында, тіпті кішкене от көзінен орман өртінің пайда болу қаупі өте нақты екенін есте ұстаған жөн. Орманда от табылған кезде, басты міндет - өрттің күш алуына және таралуына жол бермеу.

А.МОЛДАБАЕВ,

Бөрлітөбе ОШКММ-нің Көкжиде орманшылығының орман-шебері.

Ең бағалы байлықтың бірі

Орман – еліміздегі ең бағалы байлықтардың бірі. Сондықтан да мемлекетіміз осындай тұмса табиғатты күтіп ұстау, оны қорғау, түрлі табиғи апаттардан сақтау, өрттің алдын алу сияқты шараларды барынша тиімді жүзеге асырып келеді.

Алайда, табиғаттың бірден-бір жанашыры адам болуы тиіс. Осы мақсатта Бөрлітөбе орман шаруашылығы КММ-не қарасты Құрақсу орманшылығының орман-күтушілері айналымдарына барып, тексеру жұмыстарын жиі жүргізеді. Жергілікті тұрғындардың басын қосып, қоршаған ортаны күтіп ұстау, оған залал келтірмеу мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі жүргізеді. Себебі, қоршаған ортаның таза болуы – сіз бен біздің қолымызда. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деген нақыл сөзде терең мағына бар.

Ал, орманшының басты қызметі – орман алқаптарын зерттеу, оларды есепке алу, ағаштар мен бұталардың тұқымынан және көшеттерден орман ағаштарын өсіріп, жылда орманды жаңартып отыру.

С.АНУАРБЕКОВ,

Бөрлітөбе ОШКММ-нің Құрақсу орманшылығының орманшысы.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (жерленген) қазақстандық жауынгерлердің туыстарын іздестіру

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай» Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан (жерленген) 5392 қазақстандық жауынгерлердің оның ішінде Сарқан аудандық әскери комиссариатымен және Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариатымен шақырылған жауынгерлердің туыстарын табуға көмек көрсету туралы хаты келіп түсті.

Жауынгерлердің туыстарын табуға көмек көрсету мақсатында, туыстары табылған жағдайда, мына мекен-жайға хабарласуыңызды сұраймыз. Тел: 8(72839)2-21-56, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қ-сы, Жамбыл көшесі №96.

Поиск родственников воинов-казахстанцев, погибших (похороненных) в Великой Отечественной войне в 1941-1945 годах

Общественным объединением «Atamnyn Amanaty» в ознаменовании «80-летия Победы в Великой Отечественной войне» составлен список из 5392 казахстанских воинов, скончавшихся во время Великой Отечественной войны, из них призываемых в годы ВОВ Сарканского и Бурлитобинского районов с просьбой оказать содействие (установления) в поиске родственников казахстанских воинов. Для оказания содействия (установления) в поиске родственников воинов просим Вас обратиться по адресу: г.Саркан, ул.Джамбула,96 Сарканского района, области Жетысу. Тел: 8(72839)2-21-56.

С.АЙМУХАНОВ,

Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

Список бойцов призванных из Жетысуской области (в списке со старым территориально-административным делением в список включены бойцы, призванные из Алматинской области)									
Ф.И.О.	Дата Рождения	Место рождения	Место призыва	Дата призыва	Воинское звание	Последнее место службы	Дата высылки	Примечание (указание, что воинство на территории, места, рождения, смерти)	Место захоронения
Кривош Мислав Филиппович	1922	Алматинская обл., Саркандский район, с. Сидоров (с. Сидоров)				3 Уарф. 37А, 64 с; 73 гв. сд, 214 гв. Сп	22.11.1944	неизвестно	Сербия
Вершников Мислав Арсипович	1926	Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Сарканд	Саркандский РВК, Казахской ССР, Алма-Аттинской обл.		красноармеец		05.07.1944	мать: Алуанов Уалиан Антонович, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Сарканд	Беларусь, Поставский р-н, Виттебской обл.
Дубовик Николай Григорьевич	1926	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н	Саркандский РВК, Казахской ССР, Алма-Аттинской обл.		рядовой		06.07.1944	отец - Дубовик Григорий Григорьевич, Берлинская обл., с. Сосновка, ул. Краснофлотская, д.42	Беларусь, Гродненский р-н, Виттебской обл.
Давыдов Владимир Петрович	1926	Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н		05.11.1943	красноармеец	204 СД, 706 сп	10.08.1944		Литва
Левченко Николай Михайлович	1926	Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Каргалы	Саркандский РВК, Казахская ССР, г. Караганда, Саркандский р-н		рядовой	штбб-46 Гв. сд	16.10.1944		Литва
Метелко Петр Кириллович	1909	Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Сарканд	Саркандский РВК, Кировская обл., Кировский р-н	07.1941	рядовой	1 Гв. СД	19.07.1944		Литва
Нерошников Василий Семенович	1926	Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Сарканд, ул. Куйбышева, 7	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н	17.02.1944	красноармеец	204 СД, 700 сп	19.07.1944		Литва
Утубаев Шалабай	1903	Алма-Аттинская обл., Бурлитобинский р-н, д. Бурлитоба	РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Бурлитобинский р-н		рядовой	83 Гв. сд 248 гв.сп	27.07.1944		Литва
Хижняков Иван Григорьевич	1926	Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Казахский р-н, г. Сарканд, ул. Горького, 3	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н		рядовой	204 СД	10.08.1944		Литва
Христенко Иван Дмитриевич	1909	Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Простетария	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл.	1941	рядовой	877 СП	29.10.1944		Литва
Шадубин Семен Егорович	1926	Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Антоновка	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н	1943	ефрейтор	245 СП	31.10.1944		Литва
Шульгин Степан Савельевич	1897	Казахская ССР, г. Алма-Ата	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., г. Алма-Ата	1943	красноармеец	ФЭП-1	01.02.1945		Литва
Проксерио Прокофий Филиппович	1924	Саркандский р-н, с. Сарканд	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Сарканд		младший лейтенант		06.05.1945		Чехия
Осымбетов Кисейбай	1912	Бурлитобинский р-н, Саркандский р-н, Алма-Аттинская обл., Казахская ССР	Саркандский РВК		Ефрейтор, Сапер	11-й отд. артиллерийской инженерно-саперной бригады РК	18.08.1943		Литва
Козлов Мислав Васильевич	1924	Саркандский р-н, Покосновка			гв. рядовой		19.04.1945		Чехия 2020
Резников Петр (Павлович)	1904(3) 907	Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Сарканд	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинской обл.		красноармеец			Федора Леонтьевна, проживала Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, ул.	Смоленская обл.
Жарылысов Адильбай	1918	Алма-Аттинской обл., Саркандского РВК				5 гв. А	07.01.1943		Вологодская область
Варенников (Варенков) Дмитрий Иванович		Саркандский р-н, село Черкасск			лейтенант	1084 сп, командир бат.	13.11.1941		Вологодская область
Степанов Анатолий Афанасьевич		с. Каргалы			красноармеец	45 гв. д. фр. д. Ленинск	11.05.1943		Вологодская область
ВЕРТАСОВ Жанбек	1900	Казахстан, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н					26.01.1943		Курская область
АМАРКАНОВ Судукан	1898	Казахстан, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н					22.02.1943		Курская область
ЖАНАБАЕВ Андисен	1899	Казахстан, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н					20.02.1943		Курская область
МАКЕЕВ Тамирберген	1924	Казахстан, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, Н.-Покровский с/с					23.08.1943		Курская область
Абисиев Нургали	1912	Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Бурлитобинский р-н, р.п. Лепсы	РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Бурлитобинский р-н				03.1943		Новгород
Олейник Александр Павлович	1918	Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н, с. Петропавловка	Саркандский РВК, Казахская ССР, Алма-Аттинская обл., Саркандский р-н						Новгород
Хоспинов Жолжолдыр		Алматинская обл., Бурлитобинский р-н, ст. Лепсы, с/с комбинат							Новгород
Жолжолдыр Андисеулы (Андисеулы)	1917	Таджикистанская обл., Бурлитобинский р-н, Кзыл-Балыкский с/с	Бурлитобинский р-н, Кзыл-Балыкский с/с	20.05.1939	красноармеец				ПДР №68 23.06
Лавочкин Николай Иванович	1922	Казахская ССР, Саркандский р-н, Сарканд			ст. сержант		07.05.1945		Чехия 2020

• **Заң және тәртіп**

Информация аварийности на дорогах Сарканского района

Всего за 6 месяца текущего года в районе зарегистрировано 10 дорожно-транспортных происшествий, в которых пострадало 23 человек, из них погибло 4, ранено 19.

Основная часть ДТП в Сарканском районе приходится на населённые пункты, где зарегистрировано 3 происшествий. Однако немалое число аварий фиксируется и на трассах республиканского – 3 происшествий и районного значения - 4 случаев.

Главные причины аварийности остаются неизменными: превышение скорости (3), несоблюдение дорожных знаков (1).

Еще одной серьезной угрозой безопасности на дорогах остается управление транспортными средствами в нетрезвом виде, так в состоянии алкогольного опьянения в текущем году выявлено 1 случаев.

Сложившаяся ситуация требует от водителей проявлять максимальную осторожность, соблюдать скоростной режим, а также правила дорожного движения, а пешеходам - быть внимательными и дисциплинированными на дорогах.

Только совместными усилиями удастся сократить число дорожно-транспортных происшествий и сохранить жизни людей.

Также с начала текущего года на аварийно-опасных участках дорог области дополнительно запущено 13 программно-аппаратных комплексов «Ekin Patrol», из которых 1 комплекс установлен на машине скорой помощи.

В т.г., на аварийно-опасных участках дорог области дополнительно установлены 15 комплексов «VIDAR SPEED-R» и 34-поста «МЕРГЕН» (трасса Алматы-Өскемен).

Департаментом полиции области в т.г., ведутся работы по воздушному патрулированию дронами на аварийно-опасных участках дорог.


По результатам проведенных работ воздушного патрулирования имеется положительная тенденция снижения количества нарушений ПДД по категориям превышения скорости и выезда на полосу встречного движения.

А.ЖАКСЫЛЫКОВ,
старший прокурор отдела формирования правовой информации
в гражданской и административной сферах, ДКПС и СУ ГП РК
по области Жетісу.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу, оның ішінде тәуліктің кешкі және түнгі уақытында көмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу, көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу мақсатында ағымдағы жылғы 27-29 шілде аралығында Сарқан ауданы аумағында «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілетінін хабарлаймыз.

Сарқан АПБ.



БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

18 шілде күні "Jetisy jastary" КММ-нің филиалы "Sarqan jastary" ұйымдастыруымен және "Жасыл ел" еңбек жасақшылары, еріктілер мен жастардың қатысуымен "Таза Қазақстан" эко акциясы Сарқан ауданы, Лепсі ауылдық округі, Балқаш көлінің жағалауына тазарту жұмыстары жүргізілді.

75 адам жұмылдырылған шарада 11 шақырым аумақ тазартылды. Акцияның мақсаты қайырымдылықты кеңінен насихаттау, жастардың барлық істерде белсенді әрі ықыласты болуын кеңінен түсіндіру; Жастардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту; Шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту; Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүйге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу; Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу.



Өз тілшіміз.

Ауыл шаруашылығы санағына белсенгі қатысуға шақырамын

Құрметті Сарқан қаласының тұрғындары, шаруа қожалықтарының жетекшілері мен аграрлық сала еңбеккерлері!



Ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап елімізде жалпыұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталады. Бұл – ел көлемінде он жылда бір рет жүргізілетін маңызды науқан. Оның мақсаты – ауыл шаруашылығы саласының нақты жағдайын анықтап, агроөнеркәсіп кешенін дамыту бойынша дұрыс шешімдер қабылдау үшін қажетті әрі дәл ақпарат жинау.

Осы санақ барысында шаруашылықтардың жер көлемі, мал басы, техникамен жабдықталуы, жұмыс күші, өнім өндіру жағдайлары сияқты маңызды мәліметтер қамтылады. Бұл деректер тек қағаз жүзінде емес, болашақта аграрлық саясатты дұрыс бағытта қалыптастыруға, мемлекеттік қолдауларды әділ бөлуге, өңірлік даму бағдарламаларын жетілдіруге тікелей әсер етеді.

Ерекше атап өтетін жайт 1 тамыз бен 31 тамыз аралығында санақ онлайн форматта жүргізіледі.

Сіз өз шаруашылығыңыз туралы мәліметті www.Sanaq.gov.kz сайты арқылы өзіңіз енгізе аласыз. Бұл – уақытты үнемдеудің, мәліметті нақты әрі жылдам ұсынудың тиімді жолы.

Ал 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында санақ интервьюерлер арқылы (үй-үйді аралау жолымен) жалғасады. Санақ жүргізушілер арнайы куәлікпен және айырым белгілерімен келеді. Оларға сенім білдіріп, қажетті ақпаратты нақты әрі толық ұсыну – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Санақ кезінде берілетін ақпарат құпия сақталады, тек статистикалық мақсатта ғана пайдаланылады.

Қаламыздың әлеуетін бірге көтерейік! Ауыл шаруашылығының шынайы келбетін бірге көрсетейік!

Т.ӘСКЕРБЕК,
Сарқан қаласы әкімі
аппаратының бас маманы.

• **101 ескертеді**

Сіріңке ойыншық емес

Тұрғын үйлерді өрттен сақтандырудың маңызы өте зор. Өкінішке орай көпшілік жағдайда өрт тұрғындардың өрттен сақтандыру ережелерін сақтамауынан болады.

От тұтату үшін тез тұтанатын жанар-жағар майларды пайдаланудың да бірде болмаса бірде үлкен қайғыға ұшыратуы мүмкін екенін есте ұстау керек. Отынды, басқа да жанғыш заттарды пештің алдына тастауға және пештерді тағайындалмаған отынның түрлерімен жағуға болмайды. Пештерден шығарылған күл, шлактар сумен сөндіріліп, арнайы бөлінген қауіпсіз жерге төгілуі керек. Үлкен адамдар да кей кезде оттан сақтандыру ережелерін сақтамауынан, немесе балаларға жанып жатқан пешті қартатуға қалдырғаннан өрт шығады. Балаларға отты тек қана үлкендердің қатысуымен және рұқсатымен ғана жағуға болады. Ешқашан да жанып жатқан пешті, газ ошағын немесе токқа қосылған электр плиткаларды қалдырып кетуге болмайды. Кетер алдында міндетті түрде отты, электр плиткаларды өшірген дұрыс болады. Қорада, төбеге шыққанда, гаражда жарықтату үшін ашық отты пайдалануға тыйым салынады, ол үшін электр жарықтатқыштарды пайдалану керек. Сондықтан да әркім өз ісіне ұқыптылықпен қарап, ертеңгі күнінің жағымсыз жағдайын алдын ала ойлап, болжап, уақытылы алдын алып, болдырмай отырса, барлығы да дұрыс болар еді. Ол үшін өздеріңіз оттан сақ болып, балаларға сіріңке ойыншық емес екендігін және де ойыннан өрт шыққан жағдайда олардың салдарының қаншалықты ауыр болатындығын айту қажет.

Р. АХМАРОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ПРАВИЛА ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ СКЛАДИРОВАНИИ И ХРАНЕНИИ ГРУБЫХ КОРМОВ

Наступила пора заготовки грубых кормов на зиму. Вы трудитесь не покладая рук собирая грубые корма на полях для своего скота, но нужно еще и сохранить. Вот простые правила пожарной безопасности хранения грубых кормов.

Складирование сеновалов на усадебных участках жилых домов выполняются на расстоянии не менее 15 метров до надворных построек. При невозможности складирования сена на указанном расстоянии, при условии обеспечения места складирования дополнительной емкостью с водой не менее 500 литров, расстояния сокращаются до 5 метров.

Не допускается: складирование на крышах сараев и других хозяйственных строениях; складирование под линиями электропередачи; на расстоянии менее 3-х метров от внешнего ограждения участка; размещать стога, копны, скирды сена, соломы, других видов грубых кормов на улицах, дорогах, вне приусадебных участков. Перевозка грубых кормов осуществляется специально оборудованным транспортным средством, выхлопные трубы которых выводятся под радиатор и оборудуются искрогасителями. Транспортные средства, предназначенные для перевозки грубых кормов, дополнительно оборудуются двумя порошковыми огнетушителями. Высота складирования грубых кормов выполняется не более 4 метров от уровня земли.

Уважаемые руководители крестьянских хозяйств и жители города! Просим Вас соблюдать простые правила пожарной безопасности для сохранения грубых кормов.

М. САРКУЛОВ,
инженер ОЧС Сарканского района, ст.лейтенант г/з.

Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістерді ресми бекітіп, құжатқа қол қойды. Бұл өзгерістердің қарапайым азаматтар мен жалпы жүйеге қалай әсер ететіні жайында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры түсініктеме берді.

Халықты қамту аясын кеңейту

Қазіргі уақытта халықтың 83%-ы сақтандырылған. Алайда шамамен 3,3 миллион адам МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр.

Үкіметтің 2024 жылғы 7 шілдеде өткен кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды тапсырған болатын. «Әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтар үшін медициналық сақтандыруға аударымдар жергілікті бюджет есебінен төленуі тиіс», деген еді Президент.

Осыған байланысты халықты МӘМС жүйесімен барынша қамтуға мүмкіндік беретін жаңа шаралар қабылданды. Енді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы (D және E деңгейі) санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейтін болады.

Осы шаралардың нәтижесінде 2026 жылы шамамен 1 миллион адам МӘМС жүйесімен қосымша қамтылмақ.

Сонымен қатар, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін де жарналар жергілікті бюджет есебінен төленетін болады. Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамту мәселелерінде әкімдіктердің жауапкершілігін арттырады. Өңірлер жұмыс орындарын құруға, кедейлікті азайтуға және халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар қабылдауға ынталы болады.

Жарна төлеуде үзіліс болған жағдайда сақтандыру мәртебесін сақтау

МӘМС жүйесінде медициналық көмекті үздіксіз алу үшін жаңа норма енгізілді. Енді азаматтар кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген болса, уақытша төлем тоқтатылған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады (бұған дейін бұл мерзім 3 ай бола-



МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР НЕ БЕРЕДІ?

тын).

Мәселен, азамат бірнеше жыл бойы тұрақты түрде жұмыс істеп, жарналарын уақтылы төлеп келсе, бірақ кейін жұмысынан айырылып, табыссыз қалған жағдайда оған МӘМС аясында медициналық қызмет көрсетіледі. Алайда кейін сол айлардағы берешекті өтеу қажет болады.

Бірыңғай пакетті қалыптастыру

Мемлекет басшысы 2024 жылғы Жолдауында азаматтардың денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Бірыңғай медициналық көмек пакетін» жасауға ерекше назар аударған болатын.

Қабылданған өзгерістерге сәйкес, онкологиялық скринингтер 2026 жылдан бастап ТМККК тізіміне өтеді және МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін тегін болады. Сондай-ақ, 8 әлеуметтік мәні бар ауруға (туберкулез, АИТВ, созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық аурулар, жедел миокард инфаркті, инсульт) күдік туындаған жағдайда

консультативтік-диагностикалық көмек те тегін көрсетілетін болады. Бұған дейін мұндай көмек тек АИТВ мен туберкулезге күдік болғанда ғана ұсынылатын.

2026 жылдан бастап МӘМС-тің базалық пакетіне амбулаторлық диализ, сондай-ақ динамикалық бақылауды қажет ететін созылмалы аурулардың 12 тобы бойынша консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету, жоспарлы түрде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек кіреді. Аталған аурулар тізбесіне бауыр аурулары; қан мен қан түзуші ағзалар аурулары; жоғарғы асқорыту жолдарының аурулары; инфекциялық емес энтерит пен колит; артропатиялар, дорсопатиялар; қалқанша безі аурулары; қуық асты безінің гиперплазиясы; сүт безінің қатерсіз дисплазиясы; әйелдердің жыныс мүшелерінің қабынусыз аурулары; бронхөкпе дисплазиясы; жүректің туа біткен ақаулары; даму ақаулары жатады.

Жарна есептеу шегінің өзгеруі

Халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі – медициналық сақтандыру жүйесінің

қаржылық тұрақтылығы.

Осыған байланысты, 2026 жылғы қаңтардан бастап жарналар мен аударымдарды есептеу үшін қолданылатын табыс көлемінің жоғарғы шегі жаңартылады: Жұмыс берушілер үшін – 40 ең төменгі жалақы (ЕТЖ), Қызметкерлер үшін – 20 ЕТЖ.

Бұл — бастапқыда ұсынылған 50 ЕТЖ орнына қабылданған келісімді шешім, яғни жүйенің тұрақтылығын сақтай отырып, салық жүктемесінің шектен тыс өсуіне жол бермейді.

Аталған өзгеріс жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, азаматтардың денсаулық сақтау шығындарын өтеудегі жауапкершілікті әділ және теңдей бөлу қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осы шараның нәтижесінде МӘМС жүйесінің табысы жылына шамамен 200 млрд теңгеге артады деп күтілуде.

Мемлекет жарнасының мөлшерлемесін арттыру

Заңнамаға сәйкес, мемлекет МӘМС жүйесінде жеңілдігі бар санаттарға жататын азаматтар үшін жарна төлейді. Бұл жарналар республикалық бюджеттен бөлініп, балалар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, жүкті әйелдер және тағы басқа 15 санаттағы азаматтардың медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда МӘМС жүйесіне төленетін жарналар мен аударымдардың мөлшері ең төмен деңгейде – 2025 жылы 2%. Салыстырмалы түрде, басқа елдерде бұл көрсеткіш 9–14,5% аралығында. Жүйені бастапқы жобалау кезінде жарна мөлшерлемелері жоғарырақ болып жоспарланған, алайда жүйе іске қосылған кезде олар едәуір төмендетілген еді.

Алайда «Бірыңғай медициналық көмек пакеті» енгізіліп, МӘМС жүйесінде қосымша міндеттемелердің қосылуына байланысты жүйенің қаржылық жүктемесі күрт өсіп отыр. Осыған байланысты мемлекет тарапынан жарна мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен арттыру ұсынылуда: 2027 жылы – 2,2%, 2037 жылға дейін – 4,7%-ға дейін біртіндеп өсіру.

Бұл ретте жұмыс берушілер мен жұмыскерлер үшін жарна мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Менингит – жұқпасы

Менингококк жұқпасы — бактериялар тудыратын жіті инфекциялық ауру. Ол тұмаудан толық жазылмаған жағдайда, денеге түскен жарақаттан, құрт ауруынан және іш сүзегінен, кейде тазалық сақталмаған жерде, көп адам жүретін жерде пайда болады.

Бұл жұқпа көбіне суықтан пайда болатын ауру, ол ми мен жұлынның жұмсақ қабықтарының қабынуынан туындайды. Сонымен қатар менингит бактериясы жөтелу және түшкіру кезінде ауа арқылы жұқпалы түрге алмасады. Мұрынға түскен бактерия жұлынға жетіп, қан айналымына еніп, қоздырғыштарды күшейтеді. Менингиттің жұқпалы түріне шалдыққан адамнан ауру жан-жаққа тез таралады. Сонымен бірге менингит адамның жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, нәтижесінде бұл ауруға шалдыққандардың 20%-ы өз өмірімен қоштасады.

Егер де келесі белгілер болса шұғыл түрде дәрігерге бару керек:

Күтпеген жерден қатты бас ауыру, құсу, 6-15 сағаттан кейін бөртпе пайда болып, температура 39-40°C-қа жетіп, адам қалтырайды. Тері бозарады. Жалпы әлсіздік, арқаның және аяқ-қолдың сырқырауы байқалады. Науқас адам шөлдейді, төбеті нашарлайды.

Ауру жеңіл түрде өтуі мүмкін, сондықтан өте қауіпті түрде өтетінін айта кету керек, ол тұмау, баспа, суық тию, тонзиллит және т.б. сияқты «зиянсыз» ауруларға ұқсас болады. Тоңу, ауыру, қатты шаршаудан организмнің қорғаныш күштерінің әлсіреуі сияқты қолайлы жағдай пайда болғанда менингококк бас миының қабығына тез өтеді және қабынуды тудырады.

Менингиттің алдын алу үшін:

- қажет болмаса, адамдар көп жиналатын жерлерге, сауда-ойын-сауық кешендеріне, нашар желдетілетін үй-жайларда өткізілетін мәдени-көпшілік іс-шараларға баруды шектеу. Бетперде тағып жүру;
- суықтамау және ауа-райына қарай киіну керек;
- жеке бас гигиенасын сақтау. Дәретханадан соң, жануарларды ұстағаннан кейін, әсіресе тамақ ішу алдында міндетті түрде қолды сабындап жуу керек;
- тұрып қалған су объектілерінде көлдер, су қоймалары және басқа да орындарда шомылмау қажет. Мұндай орындарда міндетті түрде бактериялар болады;
- иммунитетті күшейту. Дәрумендер қабылдап, таза ауада серуендеу;
- науқаспен қарым-қатынаста болған адамдар медицина қызметкерлерінің бақылауымен профилактикалық мақсатта антибиотиктерді қабылдау жөніндегі дәрігердің тағайындауын орындауы керек.

Қарақұрт

Бұл жәндіктердің денесі қара, еркек пен әйелдің құрсағында қызыл дақтар болады, кейде әр дақтың айналасында ақ жиектер болады. Толық жыныстық жетілген жәндіктер көбінесе қара түске ие болады, дақтары жоқ, тән жылтырлығы бар.

Ғалымдардың айтуынша, қарақұрттар дала жерлерін жақсы көреді, сонымен қатар шөлейт жерлерде, жартастардың беткейлерінде, арықтарда, қирандыларда, тұзды батпақтарда, жануарлардың шұңқырларында, жердің қарықтарында орналасады. Қалың шөптер мен бұталар қарақұртты ұнатпайды және тым ылғалды жерде де өмір сүрмейді. Қарақұрттар қалай шабуыл жасайды?

Қарақұрттардың өзі адамға шабуыл жасамайды, тістеу өрмекшіге кездейсоқ тиюден туындауы мүмкін. Сондай – ақ, адам түсінде кездейсоқ төсекке енген өрмекшіні басып кетуі мүмкін, қарақұрт бір рет тістеп алады немесе бірнеше рет шағып алады – бұл улану қаупін және өлім қаупін бірнеше есе арттырады.

Қарақұрт уымен уланудың белгілері қандай? Қарақұрт уының әсері біртіндеп артып, белгілері жалпы улану сипатына ие. 5-20 минуттан кейін тістеу аймағында өткір ауырсыну пайда болады, ол бүкіл денеге таралады, кейде бұл бастапқы белгілер болмайды, бүкіл денеде "қаздың жорғалауы" сезімі пайда болады, кейде аяқ-қолдарда құрысулар, безгегі, терлеудің жоғарылауы, қатты бас ауыру, іштің өткір ауыруы, панкреатиттің немесе жараның өршуіне ұқсас белгілерге сәйкес асқазан, тыныс алудың үзілуі, импульстің жоғарылауы, жүрек жеткіліксіздігіне әкелетін аритмия.

Қарақұрттың шағуы қалай көрінеді? Тістеу орны әдетте диаметрі 1,5-3 мм шамалы қызарумен, бір-бірінен 0,5-0,7 мм қашықтықта орналасқан хелицердің улы тырнақтарымен (улы инъекцияға қызмет ететін жұптасқан жаралаушы құрылғы) теріні тесудің екі айқын іздері бар. Ісік тістеген жерде, әдетте, жоқ.

Қауіпті өрмекшімен қалай байланысуға болмайды? Ең алдымен, табиғатта демалу үшін қарақұртпен қоныстанған шөпті жерлерді, кеміргіштердің шұңқырлары бар жерлерді, топырақта ойықтары бар алаңдарды таңдамаңыз.

Түнде табиғатта демалып, нұсқауларға сәйкес арнайы шатырларды қолданыңыз – бұл қарақұрттың теріге енуіне жол бермейді. 1.Егер сіз шөптерді жинасаңыз, мұны қолғаппен жасау керек, шалбарды аяқ киімге салу керек. 2. Тұрғын аймаққа келгеннен кейін үйге әкелінген киімдерді, аяқ киімдерді, заттарды, шөптерді оларда өрмекшілер бар-жоғын мұқият тексеру қажет. 3. Ыстықта қарақұрттардың белсенділігі артады, ал мамандар көшеде, атап айтқанда шөпте, жалаң аяқпен жүруді ұсынбайды. 4.Ж а з д а жеке учаскелерді өсіп кеткен шөптерден тазарту керек.

Қарақұрт шағып алған жағдайда, әрине, сіз дереу жақын жердегі медициналық мекемеге хабарласуыңыз керек.

**ГОСПАНОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы.**

Талдықорғанда өткен футбол турнирі достық пен ұрпақ сабақтастығын нығайтты

Талдықорған қаласында шағын футболдан дәстүрлі турнир өтті. Спорттық шара Сарқан ауданына қарасты Қарабөгет ауылының 1980 жылы туған азаматтарының бастамасымен ұйымдастырылып, марқұм болған ауылдастардың рухына арналды.

«Бір кездері бірге өскен достарымыз бүгінде арамызда жоқ. Оларды еске алу – біздің азаматтық әрі адами борышымыз. Бұл турнирді жыл сайынғы дәстүрге айналдырғымыз келеді. Себебі бұл – жастарды салауатты өмір салтына баулудың, ауыл ынтымағын арттырудың жолы. Алдағы уақытта да осы рухты сақтап, жалғастыра береміз. Татулықты ту етіп, өзгеге үлгі бола білсек – ең үлкен жетістігіміз сол», – деді 1980 жылғы түлек, турнир ұйымдастырушыларының бірі Жәнібек Қасымханов.

Қазақ халқы ежелден-ақ үлкенге құрмет, кішіден ізет көрсетіп, өмірден озған жандардың аруағын қастерлеуді рухани парыз санаған. «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген аталы сөз – осы ұлттың терең танымын, ізгі дәстүрін айқын білдіретін нақыл. Бұл сөз – тек құр сөз емес, ұрпақтан-ұрпаққа аманат болған өмірлік қағида. Талдықорған қаласында өткен шағын футболдан дәстүрлі турнир – осы ұлағатты сөздің жарқын көрінісі. Бұл – тек спорттық жарыс ғана емес, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты, ауылдас азаматтардың арасындағы татулық пен бірлікті арттыратын игі шара болды.



Турнир өмірден озған азаматтарды еске алуды, ауылдастар арасындағы достық пен бірлікті нығайтуды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді және жастарды салауатты өмір салтына баулуды мақсат етті.

Бұл жолғы жарыс марқұм болған азаматтар – Әйтемов Әділ Дүйсетайұлы, Нұрғалиев Айдынбек Байғалиұлы, Бажаев Алмат Маратұлы, Кирибеков Дулат Қожахметұлы және Бөлегенов Регистан Маратұлының жарқын бейнесіне арналды.

«Бүгінгі турнир жоғары деңгейде өтті. Бірліктің арқасында жастарымыз бұқаралық спортқа ден қойып келеді. Сонымен қатар дүниеден озған жолдастарын еске алып, ас беріп, сауапты іс жасап отыр. Бұл игі бастама алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенемін», – деді Қарабөгет ауылының тумасы, марқұм Регистан Бөлегеновтің әкесі Марат Бөлегеноұлы.

Биыл үшінші мәрте ұйымдастырылған турнирге 11 команда қатысты. Іс-шараға Қазақстанның әр өңірінде абыройлы қызмет атқарып жүрген 1977, 1980, 1981, 1982, 1985, 1986, 1987, 1988, 1989, 1990 және 2001 жылдары туған азаматтар жиналды. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар мен үздік ойыншылар марапатталды.

Жүлделі орындар келесідей үлестірілді: I орын – 2001 жылғы түлектер (100 000 теңге), II орын – 1980 жылғы түлектер (70 000 теңге), III орын – 1988 жылғы түлектер (50 000 теңге), IV орын – ынталандыру сыйлығы. Сонымен қатар үздік ойыншыларға арнайы кубоктар, медальдар, мадақтамалар және қаржылай сыйлықтар табысталды.

«Турнирден алған әсерімді сөзбен жеткізу қиын. Осындай шаралар бізді жақындастырып, ұмыт бола бастаған достықты қайта жандандырады. Бұл – нағыз бірлік пен жерлестік рухының көрінісі», – деді ойынға қатысушы Нұрлан Қабдолдин.

Ал «1988» командасының мүшесі

Нұрбол Берікболұлы өз ойын былай жеткізді: «Әр ойын сәтінде тек футбол емес, шынайы достық пен өзара қолдауды сезіндік. Осындай кездесулер күнделікті тіршілікте алыстап кеткен бауырларды қайта табыстырып, ұрпақтар сабақтастығын күшейтеді».

Шара барысында Құран бағышталып, марқұм азаматтардың рухына ас берілді. Бұл игі шара елдік пен ерлікке, достық пен құрметке бастайтын ізгі дәстүрге айналды.

Талдықорғанда өткен бұл футбол турнирі – тек спорттық жарыс ғана емес, адамгершілік пен ағайындықтың айқын көрінісі болды. Қарабөгет ауылының азаматтары бастама көтеріп, өмірден озған достарының жарқын бейнесін ұрпақ жадында жаңғыртып, елдік пен бірліктің үлгісін көрсетті. Жас пен көріні бір алаңда тоғыстырған бұл игі шара ұрпақтар сабақтастығын бекемдеп, сағыныш пен сыйластықты қайта оятты. Жеңіс тек



алаңдағы есеппен емес, жүректерге ұялаған бауырмалдықпен өлшенді. Мұндай басқосулар – достықтың мәңгілік дәнекері, ел бірлігінің мызғымас тұғыры. Жарыс жыл сайын дәстүрге айналып, келер ұрпаққа тағылымды мұра боларына сеніміміз мол.

Гүлзада БӨЛЕГЕНОВА,
Қарабөгет ауылының тумасы.

Бұқаралық спортқа - кең өріс

Сарқан ауданында дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін 112 спорттық нысан бар: Соның ішінде: 1 стадион, 1 спорт кешені, 1 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, 1 шаңғы базасы, 1 хоккей корты, 1 теннис корты, 2 жабық стадион, 104 жазықтық құрылым (31-стритворкаут, 31-футбол алаңы, 20-баскетбол алаңы, 22-волейбол алаңы), жазықтық құрылымдардан бөлек 39 спорттық зал бар.

Сарқан ауданында 403 спорттық секциялар жұмыс жасайды, оның ішінде 16 375 адам спортпен шұғылданады, бұл дене шынықтыру және спортпен айналысатын аудан халқының 42 пайызын құрайды. Ауданымызда бұқаралық спортты дамыту мақсатында «1000 адамға шаққанда, халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету» үлесі 65 пайызды құрайды. (2023 жылы 24,4 пайыз).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы «Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы» № 56 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 шілдедегі «Спорттық атақтар, разрядтар мен біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидаларын, сондай-ақ олардың сипаттамасын бекіту туралы» № 300 бұйрығымен бекітілген қағидаларға және Сарқан ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің «Спорттық разрядтар мен біліктілік санаттар беру туралы» комиссиясының шешімімен 2024 жылы жалпы 26 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде: 1-біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушысы, 1-спорт төрешісі, 1-біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер және 23-ІІ-ші

жасөспірімдік разрядтар. 2025 жылдың жалпы 7 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде: 6-біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы және 1-спорт төрешісі.

Атап айтатын болсақ Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары Қуатбек Мунира, Рустембекова Аруна, Азаматқызы Аруна, Сатыбалды Ерсұлтан, Тютюбеков Альфир, Дәкір Ахмет, Имаш Сухраб, Төлеутай Асылжан, Жомарт Азамат, Амангелді Арсен, Шарипхан Асыхан, Құмай Оспан, Абақан Нұрзат, Бериков Нияз, Еркінәлі Ержан, Қайрақпай Ералы, Нұрахмет Дархан, Әділ Ахмад, Әділ Ибраһим, Дүкейхан, Калимжанов Мейрам, Нұрахмет Мұхаммед, Смагулова Каусар II жасөспірімдік разряды; Сарқан ауданының Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері Асхат Ақзер Асхатқызына Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер атақтары берілген болатын.

Сарқан ауданының Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің баскетбол бөлімінің жаттықтырушысы Смаханов Арыстанбекке Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы және спорт төрешісі біліктілігі берілді.

Еркін күрес және грек-рим, бокс және қазақ күресі бөлімінің жаттықтырушылары Касабаев Дауренге спорт төрешісі біліктілігі, Жарылқасынов Малик, Маратов Темірлан, Мағамбетов Маулен, Амиргалиев Олжас, Адамбеков Төлеу Төлеуғалиұлына біліктілігі жоғары деңгейдегі жаттықтырушы-оқытушы біліктіліктері берілді.

2024-2025 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер толығымен уақытылы орындалды. Мемлекеттік қызмет алушылардан арыз-шағым түскен жоқ.

Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі.

Архив құжаттарын цифрландыру заман талабы

Цифрлы технологияларды қолдана отырып, әр азаматтың тұрмысын жақсарту мен қолайлы өмір сүруін қамтамасыз етуде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының рөлі зор. Техника қарыштап дамыған заманда құжаттарды электрондық құжатқа айналдыру қарқынмен дамып келеді. Бүгінде бұл құрал елімізде халыққа қызмет көрсету саласында ерекше орны бар. Қазір бұл үрдіс архив саласында өзінің оң шешімін табуда.

Архивтер қоғамның рухани, мәдени, ғылыми, әлеуметтік-құқықтық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында елдің тарихи-мәдени құжаттық мұраларын сақтайды. Архив қорында сақталған құжаттар – тарихтың қайнар бұлағы, сол себепті де тарихи сананы жаңғыртуда бұл құжаттардың алатын орны зор. Тарих негізінен деректілік пен нақтылықты, шындық пен әділдікті ғана мойындайды. Ал мұндай нақтылық пен деректіліктің қайнар көзі – ол архив қорларында. Архив қызметінің негізгі бағыты — халықтың құжаттық негіздегі жадысы мен естелігін сақтау болып табылады. Бұл ел азаматтарына ретроспективті құжаттамалық ақпаратты оңтайлы түрде алуға мүмкіндік береді.

Архивтік құжаттарды цифрландырудағы түпкі мақсаты да осы, құжаттардың түпнұсқаларын бүлдірмей, сол қалпында сақтау және тұтынушыларға жылдам әрі сапалы қызмет көрсету. Өйткені архивтік құжаттарды сақтау және пайдалану барысында құжаттардың тозуы, мәтінінің жойылуы жиі кездеседі. Ақпараттың көптігінен қажетті құжатты қағаз жүзінде іздеп табу көп уақытты алады. Осы мәселелерді шешудің ең тиімді тәсілі – құжаттарды цифрлық форматқа көшіру және электронды архив құру.

2019 жылдан бастап арнайы штат ашылып «Сарқан аудандық архиві» филиалында сақтауда тұрған архивтік құжаттарды цифрлық нысанға көшіру жұмыстарын жүргізуде.

Цифрлық форматқа өткізу үшін арнайы жылдамдығы жоғары сканер аппараттары да алынған. Қазіргі уақытта аудандық архив жылдамдығы жоғары Book 2 net profi II маркалы сканерлермен жабдықталған. Жоспар бойынша бұл сканерлердің көмегімен күніне 700 парақ, жылына 1198 істен, 67611 парақ цифрлық форматқа өткізіледі.

Осы уақытқа дейін аудандық архивтегі 232 қордың 4 қорынан 4041 сақтау бірлігі, оның 201526 парағы цифрлық форматқа өткізілді.

Бүгінде еліміздің барлық архивтеріне мемлекеттік сақтаудағы құжаттар цифрлық форматқа көшірілуде. Бұл дегеніміз цифрландыру жүйесінің архив саласында мамандарға уақыт үнемдеуге, құжаттарды сақтауға, сұраныс берушілерге қолжетімділікті арттыруда тигізетін пайдасы зор құрал болып табылады.

Р.ОРАЗАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің
Сарқан филиалы ақпараттық технологиялар архивісі.

Күні кеше отаршыл коммунистер: «Алла жоқ, әлем өзінен өзі белгілі бір заңдылықтар бойынша жаратылды» дегенді жай айтып қоймай, қуғындау ісін жүргізіп келгені мәлім. Қазір «Алла бар!» деушілерге тыйым жойылды, бірақ «демократия» дегенді желеу етіп, ислам дінінен аулақтатып, исламды мансұқтайтын білгіштердің көбейіп, түрлі кітаптарды қарапайым жұртқа тегін таратып, дінді бұрмалау етек алып бара жатқанын көрмеу мүмкін бе?! Міне, осы орайда дінге, оның ішінде ислам дініне ғылым көзімен қарай алмаушылар бар екенін ескеріп, осы еңбегімізге Алланың бар екені ғылым әлемінде әлдеқашан дәлелденгеніне назар аудартқымыз келеді.

Бағымдасақ, XVIII–XIX ғасырдағы әлемге танылған ең үздік ғалымдардың бір тобы әдеттегі қалыпты адамдар тәрізді көзі көріп, құлағы естіп келген бір ғана ғаламға сүйеніп, «Алла жоқ!» деп жар салса, Мәшһүр-Жүсіп көзге көрініп тұрған ғалам біреу ғана болса, көрінбейтіні үшеу екенін осыдан 100–120 жыл бұрын айтқан. Ең жетілді деген фотоаппараттың, т. с. с. көмегімен ғалымдар көзге көрініп тұрғаннан басқа көзге көрінбейтін құбылыс барына енді енді ғана көз жеткізе бастаса, Мәшһүр Жүсіптің ол көрінбейтінінің біреу емес, үшеу екенін ерте әйгілеуі көне қолжазбаларда қазіргі ғылым аспаған жаңалықтар мол екеніне жарық түсіре алады.

«Айта Керимеде — Алла тәбәрік отғылы: «Ие ғалам лығып уалшаһадат», — деп тұр. Оның мағынасы: «Көрініп тұрған да ғалам бар екен». Көрініп тұрған ғаламды: «Ғалам лашаһадат, ғалам лы-зор, ғалам лыхақ» — дейді. Көрінбей тұрған ғаламды: «Ғалам лығыып, ғалам лимығына, ғалам ламир» — дейді. Олай болғанда, көрініп тұрғанды: төрт аяқты хайуан, ұшқан құс, жүгірген аң, бәрі де біледі. «Көрінбей тұрған ғалам» мағынада — ғалам ламирде не бар, одан адамға келетұғын қандай пайдалар бар? Соны білуге тырысу керек.


Бұрынғы ата-бабаларымыз мұның бәрін білді. Бірақ артына нұсқа қалдыруға хат жазу білмеген себепті ауыздары айтып кетті. Исі қазақ деген жұрттың көрініп тұрғаннан басқамен жұмысы болмағаннан: «Қазақтың жаны — азапта, Наданның жаны — тозақта!», — деп зарлап кетті. «Көзі соқыр — соқыр емес, Кеудесі соқыр-соқыр», — деп қақсап кетті. Осы сөздерді бұрынғы ата бабаларымыз айтып кеткен. Сонда біздің осы көрініп тұрғанменен ғана алданып: «Өзіміз шешеден туумен кісі болдық қой!», — деп шолақ ойда қалғандығымызды білгендіктен бұл сөздерді айтқан».

Осы түйінге жүгінсек, адамды теріс жолға түсіруді мақсат етіп, арақ ішуге, шылым шегуге, зина жасауға, пара алуға т. с. с. үгіттейтін, тек сөздері тікелей құлаққа естілмейтін шайтанның адамға көрінбейтіні келіп шығады.

Осы орайда: «Тән деген не? Жан деген не?» — деген сауалдар туатыны анық. Басқаны былай қойғанда, Алла сөзін жеткізуші Інжіл (Библия) мен Құранда ерлі зайыптылардың қосылуынан бөлінген ұрық негізінде пайда болған ана жатырындағы нәрестеге 40 күннен кейін жан салынатыны айтылса, ғылымда ол енді-енді дәлелдене бастады. Атап айтқанда, 42 күннен кейін нәрестенің түрлі қимыл жасай бастайтыны ғылым жүзінде қазір дәлелденуі де Құранда айтылғанды растап отыр емес пе?! Енді оны қарапайым пендеге ұғынықты етіп түсіндіру үшін, моторсыз машинаның дүрілдеп орнынан қозғала алмайтыны тәрізді жансыз тәннің қимыл жасауға дәрменсіздігі ойға оралады. Сонда 40 күннен кейін іште жатқан сәбиге періште жан салса, адам өлерінде сол салынған жанды екінші бір періштенің көзге көрінбей келіп алатыны шығады. Жан алуға келген Әзірейілді бәтін көзі бар, демек әдеттегі адамда жоқ, ерекшені көру қабілеті бар әулиелер, немесе өлгелі жатқан адамның өзі ғана көре алады. Ендеше, өлгелі жатқан адам: «Өне келді!» деп, біз көрмейтінге қол созса, біз оны: «Сандырақтап жатыр» демеуіміз керек. Адам өлгелі жатқанда мысықтың

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ірі суреткер ақын екені, оның қазақ фольклорын жинаудағы, тарих, педагогика т. с. с. ғылым салалары бойынша жазғандары біршама зерттелді деуге болады. Мәшһүр Жүсіптің сонымен бірге дін тарихы, оның ішінде ислам діні тарихы, мәні, ерекшеліктері туралы жазғандары бір төбе. Біз осы орайда Мәшһүр Жүсіптің дін туралы жазғандарын қазіргі ғылым табыстарымен салыстыра отырып, өз ойларымызды ортаға салмақпыз.

Мәшһүр Жүсіп



үрейленіп мияулауы, сол үйден кетуге асығып, есікке ұмтылуы, сыртта үйшігінде жатқан иттің ұлуы оларда «бәтін» көз бар екенін, тек олардың не сезгенін бізге адам тілімен жеткізе алмайтынын зерделеген жөн. «1917 жылға дейін қазақ халқының пәлен пайызы ғана сауатты болған» — дегендерге айтарымыз: «Сауаттылық тек кітап оқи білумен өлшенбейді» Оған дәлел, бұрынғы «оқымады» делінген қазақтың өзі біреуді «өлді» деп айтпай, «қайтты» деуінің, кісі жерлеуге әйелдерді апармауының мәнісі: «Алла өзі берген жанын өзі алдырды, демек жан Алладан келіп, қайта қайтты. Ал, бейіт басына әйелдер барса, жылауы мүмкін, ол Алла ісіне қарсылық, өлген адамның сол күнге дейінгі өмірін қанағат етпеу» дегенге тіреледі.

Сондықтан да данышпан Абай: Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айрылғанын, «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес. Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі, «Мені» мен «менікінің»

мағынасы — екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі, — деді ғой.

Бұдан шығатын түйін: Алладан берілген жан, яғни «мен» дегені өлмейді, не жұмақта, не тозақта о дүниеде мәңгі өмір сүреді. Ал, «менікі» делінген тән өліп, шіріп, топыраққа айналады. Физика ғылымындағы: «Энергияның сақталу, айналу заңы» да осыған негізделген. Алла Адамды топырақтан жаратты, кез келген өлген адам тәні де қайта топыраққа айналып отырады. Демек, адам өлгеннен кейін, оның тәнін жеген құрттар жер бетіне шығып, топыраққа айналса, оған шөп шығып, соны мал жесе, адам тәнінің де мүлде жоқ болып кетпегені, қайта топыраққа айналып, оған шөп шығып, қайтадан тіршілікке үлес қосып жатқаны, демек энергияның мүлде жоқ болмауы, сақталуы, басқа түрге айналып отыратыны дәлелденбей ме? Алла адамды оң жолға итермелейтін періштені де теріс жолға азғыратын шайтанды да қоса жаратты. Періште: «Арақ ішпе, ұрлық істеме, жалған сөйлеме» дегенді тікелей сыбыр-ламаса да, соған тілектес болады. Ал, шайтан болса: «Арақ іш, ұрлық істе, зина қыл» — дегенді тікелей естіртіп айтпаса да, соған ниеттес болады. Пейілі оң адам араққа да, параға да жоламайды, пейілі теріс адам түрлі сылтау тауып алып, параны да алады, ұрлық та жасайды.

Осы орайда биолог болмасақ та, солардан оқыған, естігенімізді өз сөзімізбен түсіндіріп көрейік. Ара ұшып келе жатыр дейік, ол солғын гүлге қонбайды, әдемісіне қонады, себебі оның шырыны дәмдірек. Ара қонғасын да оның аяғына бұрынғы гүлден жұққан не аталық, не аналық ұрық екінші бір гүлді тозаңдандырады. Соның нәтижесінде солғын гүл емес, әсем гүл ғана ұрпақ жалғастыруға мүмкіндік алады. Демек, әлсізден әлсіз, күштіден күшті тарауы ықтималдығы жүзеге асады. Жан туралы Мәшһүр Жүсіп те көп пікірлер қалдырған, соның біреуін келтірейік: «Өзінде жан

барлығын мынадай жұмыстардан сезеді. Адамда бір нәрсені ойына алып, илану бар, сезу бар; ойланып, сезген нәрсесін орындап, орынға келтіру бар. Жалығу бар, тынығу бар, толып жатыр, қайсыбірін айтайын. Осының бәрі жанның күшімен жұмсалатұғын жұмыс. Ендеше, ол жан да қолға түспейтұғын, кісі өзі жасап ала алмайтұғын бір зор күшті қуат. «Ондай күшті нәрсе өзінен күшті, өзінен жоғары, бір жақтан келген күш-қуат қой» деп білеміз.

Денемізде жан барын білеміз. Бірақ сол жан денеміздің қай жерінде тұрғанын білмейміз. Түрі қандай, өзі не нәрсе екенін сезбейміз. Көрмегенмен, сезбегенмен: «Денемізде жан жоқ», деп айтпаймыз да, ойламаймыз.

Бұрынғы заманда да: «Құдай жоқ», — деушілер болған екен. Онда оларға Сократ айтқан екен дейді: «Денеңде тұрған жанды көрмейсің де, жанды жоқ деп айтпайсың. Көрмегенге неге ішің пысады? Харекет, қозғалыс — Құдай барлығына дәлел. Денедегінің, не нәрсе болса да, бәрі харекетте, қозғалыста. Бұл қозғалысқа себеп керек. Себепке мұсабба керек. Желдірмендей орнатып қойды. Жел жоқ болса, айналмайды. Сол диірменнің иелері: «А, Құдай, жел бере гөр!» — деп тілейтұғыны анық. Көктің астында, жердің үстінде болған нәрсе — асыл, жаратылыс — тек тұру. Оны өзгерту үшін күш керек.

Осы орайда Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 7-томына оның ел аузынан жинаған нұсқасы бойынша Абай өлеңдерін кіргізгенімізді, онда қазір пайдаланып жүрген Абай өлеңдері басылған кітаптағы мәтіндерден 69 алшақтық бар екенін ескерткенімізді еске сала отырып, сол кітаптың «Түсініктеме» бөлімінде орын алған мына бір пікірге қайталап назар аудартқымыз келеді. Мәселен, Абай шығармаларын ең толық жетілдірілген қалыпта әзірлеп, бастырған ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлері Абай шығармаларына жазған алғысөзінде мына бір дерекке қайталап үңілткен екен: «Ең алдымен Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы қорында және Мұхтар Әуезовтің әдеби мемориалдық музейі архивінде сақтаулы тұрған Мүрсейіт Бیکейұлының үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде атаған дұрыс». (Абай. Шығ. 1-том. — Алматы, Ғылым, 1977). Осы орайда Мүрсейіттің, біріншіден, Абайдың шығармаларын жинауға оның авторының көзі тірісінде емес, кейіндеу кіріскенін, екіншіден, көбінесе ел арасына ауызша тараған үлгілерді қағазға түсірумен айналысқанын ескерген жөн деп санаймыз. Белгілі бір мәтіннің алдымен ауызша таралып, кейін қағазға түсірілуі кезінде не ұмыту, не қате ұғу, не ойдан қосудың салдарынан оның үнемі бір қалыпта сақталмай, түрліше сипатта таралуы ықтимал екендігі де анық. Ендеше, Мүрсейіт тәрізді Мәшһүр-Жүсіптің де сол уақытта ел арасына тараған үлгілерді жазып алуы мүмкіндігін дәйектесек, қазіргі баспа бетінде жарияланып жүрген Абай өлеңдері мәтіндерінде не мүлде жоқ, не бұрмаланып берілуі

мүмкін жекелеген өлең жолы, не сөздер болуы ықтималдығын біз ескеріп отыруымыз керек».

Ал енді 1914 жылғы Мәшһүр Жүсіп жазбасына үңілсек, Абайдың «мен», «менікі» дегенінің мәнісін сол кездің өзінде Мәшһүр Жүсіптің дұрыс байқағанын көруге болады: «Үшбу 1914-жылының февраль ішінде «Қазақ» газетасының номерінде Ыбырай марқұмның бір өлеңі бар екен. «Ғақыл — мен, жан — мен өзім, тән — менікі» деген. Негербектің Әміресі Күйеу молдадан оқып жүрген шәкірттерден сұраса, білмейді. «Ендеше, осының мәнісін молдаларыңнан сұрап, үйреніңдер!» деп, сол номерді шәкірттерге беріпті. Шәкірттері барып молдасынан сұраған екен. Онда молдасы айтыпты: «Сендер мұндай газет-журналдағы сөзге жолаушы болмандар! Мұндай сөз сендерді бұзады. Өздерің оқу оқып жүрсіндер ғой! Өздеріңдікінен басқа жаққа бұрылмаңдар!» депті. Кәне, Ыбырай сөзінде кісіні түземесе, бұзатұғын сөзді мен көре алмадым. Міне, молдалардың наданшылығы. Олардың ығына Ыбырай марқұмдардың сөзі — бір құрылған тез. Әркім өзін өзі сол тезге салса, түзелсе керек».

Осы орайда бұл келтірілген үзінді мен тағы да біз сүйеніп келген Абай шығармалары жинақталған кітап мәтіні арасында айырмашылық болуы да алда Абай туындыларын тағы да текстологиялық сараптау, сұрыптау ісін жалғастыру керектігін еске салады.

Сонымен бірге біздің Еуропадан, Ресейден алдық деп жүрген «жаңалықтарымыздың» бастау көзі Құранда жатқанын Мәшһүр Жүсіп айтқан болатын және қазіргі ғылымдағы: «Жетілдік, біттік» деп қайталанып жүрген қағидалардың түп-тегін ашуға да Мәшһүр Жүсіп шығармалары үлес қосатыны анық.

«Құдайдан сыпыр-сыр алып, айтқан әулиелер болған. Мышной-шариф, қожа Хафиз, Хамса, Науаи, сопы Аллаһар, бұлардың сөйлегені — әдебиет. Қыран қате ұшса да, бұлар дөнеме (дінке) қате (хыты) ұшпайды. Не сөз осылардан болса, ұста!»

Иауропа (Еуропа) жұртының үлгі-өнеге алып, ғылым-білім алып жатқан үлгілері — осылардың сөзі. Біздің мұсылманды қорлықта қалдырып тұрған — Қал ғылымында жүрген, қалғандардың сөзі. Тоқсан ауыз сөздің түймедей түйінін ұстап, күллі Еуропа адамдыққа жетті. Онан біздің мұсылмандардың ғылым-білімге жетілгендері переводтап алып, бізге тәркі-тәржіме қылып түсіндіреді. Молда аттарына қанық болған: Лермонтов, Салтыков, Толстойлар біздің мұсылманнан шыққан, жұрттан озған ала аяқ жүйріктердің сөзінен үлгі-өнеге алып сөйлеген. Онысын өздері сөйлеген сөзінен білдіріп кеткен. Мұнан келіп біздің мұсылманның жүйріктері переводтап алып, бізге сөйлеп жатыр. Біздің бұған жылдам түсінетініміз: «Құраннан алған жерін — Құраннан көр!», — деп біліп тұрмыз. Хадис Шарифтен алған жерін Хадис шарифтен көріп, біліп тұрмыз. Қай кітаптан алған болса, сол кітаптардың сөзі біздің қолымызда даяр. Сондықтан сөзге сөзі үйлес келген соң, олардың сөзіне:

«Қылша мойыным – мұнша!» – дейміз».

«Ұшып келе жатқан ара гүлдің иісін, ажарлылығын ескерсе, ол Алла жара-туымен емес» – деп кім айта алады?! Киіктерді қасқыр қуғанда, неғұрлым жүйріктері құтылып, солар ғана ұрпақ жалғастыруға рұқсат алса, ал жүгіре алмайтын әлсіздерін қасқыр жеп, болашақ әлсіз, ауру ұрпақ келуіне тыйым салса, бұл да неғұрлым жақсы киіктер өсіп-

жалаңаш», «Жарты нан хикаясы», «Мәшһүрдің 46 жасында сөйлегені» т. с. с. туындыларында бұл идеяны өзіндік бейнелеу құралдары көмегімен көркем, әсерлі жеткізуді қолға алумен бірге қалың жұрт назарын аудару үшін тікелей үгіт өлеңдерін де жазды. Өрелі ойларды, биік философияны т. с. с. аңғаруға білімі жете қоймаған қалың көпшіліктің көзқарас, танымындағы шектеулілікті ескеруден, демек «Қайтсем, халқымды тез оята-

Жалаңаш екенінді жұрт көріп тұр, Мені алар деп келсе жау,

кылдың ғой қор.
«Етек -жеңім ұзын», –
деп мақтанасың,

Киім жоқ, етек-жеңің қай жақта жүр?!
Өңір менен тауып-ақ жаға-жеңді,
Жұртқа айтсайшы сонан соң

«етек кеңді».
Киімің жоқ үстінде тонайтұғын,
Жау алғанда, алады сенің неңді?!»

сан мішәбесінде адамға адамшылық жөнін ойлатады. Бірі жын мішәбесінде адамшылықтан шығарып, жын-шайтан қылатұғын жұмыстарды жұмыстатуға тырысады.

Құдайдан келген рух періште мішәбесінде – ғылым ұмғарып, мұның жарығымен көріліп танылады.

Хош, бұл рух хайуаны илан рух шаһуаны – ерлі-байлы есепті болып, екеуінің аздау жыннан, мытыз жыннан нәпсі мәрре туады. Үйіне бұл нәпсі мәрре еркек болып тумайды, әйел болып туады.

Бір Құдайдан басқаның бәрі де жұп жаралған. Құдай тағаланың жаратқан нәрсесінде ерлі-байлы болып жаралмаған еш нәрсе жоқ.

Нәпсі мәрренің атасы – Нысан, анасы – Жын болды. Нәпсі мәрренің жыннан болған нағашылары бұған неше түрлі тағатны зейнетлеп көрсетіп тахынт есебінде жасап, патша көтерді».

Сыртқарағанда, оп-оңай көрінгенімен, «дем», «көңіл», «жан» ұғымдарында көп мән жатқанына Мәшһүр Жүсіп көңіл бөледі: «Өзің ойлашы: «Ауырлығың қанша?» Базардағы кірге түс: киіміңмен бес пұт барсың. Ал енді осы ауырлығы бес пұт болған нәрсені не көтеріп тұр: «Ненің күші жүргізіп, тұрғызып, жалғанда ойыңа алғанның бәрін не қылғызып тұр?» – деп білесің. Өзіңді көтеріп жүрген де, бәрін қылғызып тұрған да – жалғыз ақ дем. Сол бір дем тоқтаса, тырқиып өлесің де қаласың. Оның үлкендігін, зорлығын мөлшерлеймін десең, көзге көрінетұғынның ең кішкенесі – биттің сіркесі. Ол онан да кішкенебілігінен көзге көрінбеді. Ауырлығын мөлшерлеймін десең, бит пен бүрге мұрныңа кіріп бара жатса, денең сезіп біледі. Бұл демнің мұрныңан кіргенін, шыққанын денең сезіп біле алмайды. Көптігін мөлшерлеймін десең, бір «уф!» – деуіңмен шығып кетеді де, өлесің де қаласың. Сен осынан неге ойламайсың Құдайдың шеберлігін, құдіретінің күштілігін?! Осыған ғақыл-ойы жеткені үшін, бұрынғы ата-бабаларымыз қақсап кетті ғой: «Дәм – ғанибет, дидар – ғанибет» – деп. Бүгінгі жүрген қазақ осы сөзді айтудан білсе де, шешуін білмейді. Егер шешуін білсе, мұндай болып жүрмес еді.

«Дем» деп, дем алысты айтады. «Дидар ғанибет» дегені: «Сол дем алыстың барлығымен бірімізді-біріміз аман-есен көрісіп отырымыз. Жалған дүниенің жүзінде осы екеуінен артық дәнеме жоқ», – дегені.

Дем бұл дем дүр. Өзге демді дем деме. Дүниеден сен һәм өтерсің, қам жеме. Ендеше бір-ақ демде отырсың. Ендігі дем саған бар ма, жоқ па, белгісі жоқ. Сол бір демді босқа жібермей, жалған үшін жұмсасаң, жалғанда мәңгі бақи тұратұғын кісідей жұмыста. Ақырет үшін жұмсасаң, ертең өлетұғын кісідей қыбырла. Жалған дүниенің жүзінен жинастырып, құрастырып алып жаратылған, көзге көрініп тұрған он екі мүшенің бар күші жалған жұмысында болсын. Көзге көрінбей тұрған: көңіл, жан. Бұл екеуінің күшімен болатұғын қасиет шырыға қуат қадасия жұмысы. Ақырет жабдығы Құдайдың құлшылығымен болсын! Жалған жұмысы қарап тұрмай, он екі мүшенің қыбырлай беруімен бітеді. Ақырет жұмысы – Құдайға жақындық қылу – көңіл қызметімен табылады»

Бұл айтылғандардан не түйе болады? Қазір жемқорлық, ұрлықпен күресу қажеттігі белең алғанда, парақорлықтың ауыр күне екенін дәлелдейтін дінге арқа сүйеу қажеттігі келіп шығады. Бұрын айтылып келгендей, дін алдамшы емес, нағыз ғылымның өзі екенін саралайтын еңбектерді халыққа кең жеткізбей тұрып, біз алға баса алмаймыз.

Қуандық МӘШҲҮР ЖҮСІП, профессор, филология ғылымдарының докторы.

«Егемен Қазақстан» газеті –

№ 90–93.

12 наурыз 2010 ж.

Жұмсақ

өрбуі үшін Алла әмірімен болып тұр емес пе?! Киіктерді тазалаушы, реттеуші қасқырларға қандай алғыс айтсақ, көшеде сұлап жатқан маскүнемді көріп жиренгеннен кейін барып, баласына әкесі: «Арақ ішсең, жетер биігің – осы!» – деп сақтандырса, бұл да Алла берген мүмкіндікті түрліше пайдалану көрінісі емес пе?! Киіктерді тазалаушы, реттеуші қасқырларға қандай алғыс айтсақ, көшеде сұлап жатқан маскүнемді көріп жиренгеннен кейін барып, баласына әкесі: «Арақ ішсең, жетер биігің – осы!» – деп сақтандырса, бұл да Алла берген мүмкіндікті түрліше пайдалану көрінісі емес пе?!

Бұдан бұрын біз бір еңбегімізде Мәшһүр Жүсіптің 1925 жылдары Баянауылға келе жатып, 7–8 жасар немересі Төлеубайға тамақ бергізу үшін, елсіз қыстауға ат басын бұрғызып, иесіз үй ішінде бір дұға оқығанын жазып едік. Сол дұға оқылған соң, дастарқан ұшып келіп жайылғанын, яғни оны көтеріп әкелушілердің Мәшһүр-Жүсіп немересі Төлеубайға көрінбегенін, дастарқан үстіне ұшып келіп орнаған тағамдарды Төлеубайдың және әкесі Шарафи, атасы Мәшһүр-Жүсіптің, бәрінің жегенін, ауылдан былай шыққан соң атасының: «Мен жаңа перінің дұғасын оқыдым, перілер бізге қызмет етті» дегенін жазып едік. Демек, бұл да әлемде біздің көзге көрінбейтін перілер бар екенін, олардың Мәшһүр-Жүсіп тәрізді пері дұғасын білетіндерге ғана қызмет ететінін, яғни көзге көрінбейтін әлем бар екенін дәлелдейді.

Ендігі ойды Мәшһүр-Жүсіптің дінге арналған көркем туындылары жөнінде жалғастырайық.

Қазір шығармалар жинағының 13-томы жарық көріп, 14, 15, 16-томдары баспада жатқан, яғни артына мол мұра қалдырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының дін туралы жазғандары өз алдына бір төбе. Қазақ халқының екі жүз жыл бойы Ресей отаршылдары қыспағында болуы тегін кеткен жоқ. Екі ғасыр бойы ежелгі мәдениеті бар өнерлі халықты жерінен, тілінен, дінінен айыру, сөйтіп ұлт ретінде жоқ қылып, орыстандыру саясаты жүріп жатты. Қазір өскелең сана мұнарасынан бағамдасақ, ақын Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген» деп жазғаны тегін емес. Қазақ халқы расында да ұлт ретінде жоғалу қаупіне ұшырады. Міне, осы жағдайда ұлтты сақтап қалу үшін адамдарды жерінен, тілінен, дінінен ажыратпау міндеті алға шықса, Мәшһүр Жүсіп осы үш майданда да аянған жоқ. Жерді сақтап қалу идеясы 1907 жылы Қазан қаласында басылған 3 кітабында («Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі») және XIX ғасырдың соңғы он жылдығында шығып тұрған «Дала уалаяты газеті» беттеріндегі мақалаларда, сонымен бірге жиын-тойда айтылып келген өлең-қиссаларында орын алды.

Дінді, оның ішінде ислам дінін әспеттеген Мәшһүр Жүсіп «Шайтанның саудасы», «Соқыр, саңырау және

мын» – деген игі ниеттің итермелеуінің нәтижесінде «дидактикалық», яғни «көркемдігі төмен» деп жүрген бұл үгіт өлеңдерінің туғанын ескерген жөн. Осы орайда әдебиет заңдылығын жете білмейтін шала сауаттылар айтып келгендей: «Нағыз көркем шығарма жазуға өресі жете қоймағандықтан, үгіт өлеңдері жазылды» – деген тәрізді ұшқары пікірлерден арылатын уақыт жетті дегіміз келеді.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдері туралы жазған негізгі ойларымыздың баспасөз бетінде, оның ішінде «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» деген монографиямызда берілгенін ескеріп, біз бұл жолы жоғарыда аталып өткен шығармалардағы діни идеяны бөліп көрсетумен шектелеміз. Мәселен, 1940–1949 жылдары мектеп оқулығына еніп, кейін «ұлтшылдықпен» күрестің жаңа науқаны басталғанда шығып қалған «Шайтанның саудасы» өлеңінің фабуласына келсек, базарға келе жатқан лағынға (шайтанға) кез болған Ғайса пайғамбар оның не әкеле жатқанын сұрайды. Сонда шайтан бір есекке өтірік, екіншісіне «мікір-хайла» (қастық айла), үшіншісіне күншілдік, төртіншісіне зорлық, бесіншісіне төкаппарлық артылғаны, өтірігін алыпсатарлар, мікір-хайла қулығын «қатынның ең жаманы», күншілдікті молдалар, зорлықты «жұрт билейтін ұлықтар», төкаппарлықты «жетілген надандыққа» байлар алатынын мәлімдейді. Бұл бес есекке артылған әр түрлі жүк болса, есектен гөрі жүкті мол көтеретін он қашырда бір ғана жүк тамығты («тілемсекті») жұрт көзіне дінді насихаттаушылар болып саналса да, іс жүзінде өз пайдасын ғана ойлайтын қож, молда, ишандардың алғаны, сөйтіп елді алдап жүргені баяндалады. Бұл да «дін жолындамыз» дегендердің алдымен таза болуын әспеттеу үлгісі.

Мәшһүр Жүсіптің «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңінде қалыпты пішіндегіні көрмейтінді, ал өте ұсақ құмырсқадай затты көзі бардан артық көретінді «соқыр» деп алып, әдеттегі дыбысты естімесе де, сыбырды құлақтыдан бұрын еститінді «саңырау» деп бейнеленген. Осы соқыр, саңырауға серік болып жүрген «жалаңашқа» келсек, оның киімінің жаға-жеңі жоқ, тек ұзын етегі сүйретіліп жүреді. Оның «жалаңаш» аталуының себебі – ұят жерінің көрініп тұрғандығынан екені айтылады. Сөйтіп, көруі мүмкін емес соқырдың «көрдім» деуі, естімейтін саңыраудың «естідім» деуі және мұны естісімен, ұзын етегінің ұшын кесіп алудан жалаңаштың қауіптеніп, алдымен қашуы ой саларлық түйінге бастайды.

«Жалаңаш айтты:

– Екі ит не етті?» – дейді,

– Алып шығып елсізге кетті!» – дейді.

– Бірің көрдім, біреуің естідім – деп,

Зеремді алып түбіме жеттің! – дейді?

Онда екеуі шап берді жалаңашқа:

– Табылса ортақ боласың даяр асқа.

Елден бұрын алақтап тұра қашып,

Нең бар еді сонда артық

бізден басқа?!

– дей келіп, одан әрі автор «соқыр, саңырау, жалаңаш» дегендердің кім екенін жинақтап бейнелейді:

«Керек істі көрмейді өз басына,
«Соқыр» – деп, салдым соны
сөз басына.

Дәнемені өз көзі көрмеген соң,
Жұқтырар соқырлығын жолдасына.
Күн ашылды, көрінер енді бойың,
Асықпасаң өзін тұр, міне, тойың.
«Керең саңырау – дегенім –

құлағы жоқ»
- Таусылмайтын ұшы жоқ ұзын ойың.
Бәрін өзім білем деп жүреді сол,
Жан жоқ боп ақыл, ойға өзінен мол.
Өз жанының пайдасын естімейді,
Естір болса, жүріс бар –
бір сапар жол.

Бұл сөзімнің балы бар, уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас?!
Келіп пе едің жалғанға киім киіп,
Тумап па едің анадан тыр жалаңаш?!
Сыбағана тұрған жоқ киім тиіп,
Бәрін тастап кетесің бір жерге үйіп.
Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса,
Киімің жоқ кететін тағы киіп.
Бірталайға санасаң келді жасың,
Шөпке тұрған қырау ма

баста шашың?!
«Ұзын – деумен етегім!» – өтті өмірің,
Ойда жоқта тіпті тұттай жалаңашың!
«Менікі!» – деп меңгеріп бұ жалғанды,
Келтірем деп ыңғайға ойға алғанды,
Көрінгеннен қызғанып алып қашып,
Талай көрдің дәнеңе жоқ

құр қалғанды!
Дүниеқордың болады екі бауыры,
Саңырау, соқыр, жаңғырыққан
күнде даулы.
Күнде үрейі ұшады зәресі жоқ,
Қызылбас пен қалмақтай боп
өз ауылы».

Ислам діні мәні хақында осындай көркем туындылар жазудан бірге Мәшһүр Жүсіп діннің ақиқат екенін дәлелдеп ғылыми еңбектер де жазған. Осы орайда «рух», «нәпсі» ұғымдарына берілген Мәшһүр Жүсіп түсіндірмелеріне көңіл бөлейік: «Адамның денесінде ішкен-жеген қоректің ғайытылытығынан, барып тұрған тазасынан жиылып бір араға топланып [топталып] жүректе бір рух жасалады. Мұның атын: «Рух хайуаны» – дейді. Сондай болатұғынлығы үшін қазақ жұрты айтады бір тамақ ішерде: «Жүрек жалғайық, жан шақырайық» – дейді. Бұл сөздерінің мәнісі – тамақ күшінен жиылып болатұғын нәрсе екен. Құдайдан келген жан басқа, бұл басқа. Құдайдан келген жан «Құл рұхпен мірір биома отитыммен ал ғылым Алла қылар» – жанған шам сықылды үйді жарық қылғаннан басқа үй жылытуға, тамақ пісіруге күші болмайды.

Өзіміздің қойдың қиынан болған отын үйді жылытады, тамақ пісіруге де жарайды, өз әлінше оның да жарықлығы бар. «Рух хайуаны» осы есепті.

Хош, онан соң қаннан туған есепті болып бауырда бір рух жасалады. Оның атын: «Рух шаһуаны» – дейді. Он екі ағзаға азыққорек жіберіп, денені түзетіп, ұстап күшейте беруге жаһат қылып тұрады. Бұл екеуінің бірі ны-

Шумский мұздығы – мұз құрсаңған Жоңғардың жүрегі

«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы аумағындағы №4 туристік бағыт — Шумский мұздығына бағытталған ерекше маршрут. Бұл бағыт табиғаттың мәңгілігі мен сұлулығын паш етіп, саяхатшыны биік таулар мен көне мұздықтардың құпия әлеміне жетелейді.

Шумский мұздығы – Жоңғар Алатауының ең ірі және ежелгі мұздықтарының бірі. Ол теңіз деңгейінен шамамен 3500 метр биіктікте орналасқан. Мұздық ұзындығы бірнеше шақырымға созылып, мөлдір ағындар мен мұзды көлдердің бастауы болып табылады.

Бұл табиғи нысан тек әсем көрінісімен ғана емес, климаттық зерттеулер үшін де аса құнды. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан және жаһандық жылыну жағдайындағы өзгерістерді көрсететін табиғи индикатор болып есептеледі.

Туристік бағыт мүмкіндіктері. Бұл бағытпен жүретін туристер:

- Мұздықтың таңғажайып көрінісін тамашалайды;
- Альпілік шалғындар мен сирек өсімдіктер әлемімен танысады;
- Сарқан өзенінің бастауы – мұздық суларымен кездеседі;
- Экогидтерден мұздықтардың пайда болуы мен экологиялық маңызы туралы тың ақпарат алады.

Шумский мұздығына сапар – жай ғана серуен емес. Бұл табиғатпен үнсіз тілдесу, биіктік пен тыныштықты сезіну, адам мен табиғат арасындағы нәзік байланысты тану.

№4 бағыт – Шумский мұздығы сізге ұмытылмас әсер сыйлайды. Биікке шыққан сайын табиғаттың шынайы құдіретін сезінесіз. Бұл сапар – жүрекке жазылатын жол.

Д.МУХАМЕТХАНОВ,
Сарқан филиалы Аманбөктер орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Сиверс алмасы – Жоңғардың жасыл қазынасы

Жоңғар Алатауының баурайында жайқалып өскен Сиверс алмасы (*Malus sieversii*) – табиғаттың сирек кездесетін, ерекше сыйы. Бұл жабайы алма ағашы – қазіргі мәдени алма түрлерінің арғы атасы. #3 туристік бағыт аясында осы ағашқа бағытталған саяхат – тек табиғатты тамашалау емес, сонымен қатар тарих пен биологияны бірге сезінудің тамаша мүмкіндігі.

Сиверс алмасы жабайы болғанымен, дәмі – тәтті, хош иісті. Биіктігі 8-10 метрге дейін жетіп, тамыры тереңге кетеді. Көктемде ақшыл-қызыл гүл ашып, күзге қарай түрлі пішіндегі алмаларға толады. Оның ерекшелігі – түрлі климаттық жағдайларға төзімділігі мен табиғи өртүрлілігі.

Туристерге арналған бағыт. Сарқан филиалы аумағында жүргізілетін бұл бағытта келушілер: Сиверс алма ағаштарын табиғи ортада көре алады; Генетикалық банктегі сирек үлгілермен танысады; Орманшылардан алма ағашының пайдасы мен қорғау жолдары жайлы ақпарат алады;

Сиверс алмасының ғаламдық маңызы зор – ол болашақ ауыл шаруашылығы үшін генетикалық қазына. Бұл бағыт табиғатты қорғауға, экологиялық ойлауды дамытуға және ерекше биоөртүрлілікті тануға сеп болады.

#3 туристік бағыт – бұл тек саяхат емес, өзіңнің табиғатпен үндестігінді сезіну мүмкіндігі. Сиверс алмасын көріп, өткен мен болашақтың арасындағы тірі көпірге куә болыңыз!

Р.ЕСПОЛОВ,
Сарқан филиалы Тополевка орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Тополевка орманшылығы — табиғаттың тынысы

«Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Сарқан филиалына қарасты Тополевка орманшылығы — ерекше табиғи байлықтарға толы, экологиялық маңызы жоғары аумақтардың бірі. Бұл өңір Жоңғар жотасының баурайында орналасқан, орманды алқаптар мен аңғарлардан тұратын, флорасы мен фаунасы бай мекен.

Орман байлығы. Тополевка орманшылығының аумағында: Қарағай, шырша, қайың, терек сияқты ағаш түрлері өседі; Қызыл кітапқа енген Сиверс алмасы мен басқа да сирек өсімдіктер кездеседі; Аю, бұғы, сілеусін, елік секілді аңдар мекендейді; Құстардың ондаған түрі, соның ішінде жойылып бара жатқан түрлер тіршілік етеді.

Өрт қауіпсіздігі – басты міндет. Орманның табиғи тепе-теңдігін сақтау үшін парк қызметкерлері: Өртке қарсы минералданған жолақтар салады; Орман тазалау және бақылау жұмыстарын жүргізеді; Ауыл тұрғындары мен туристер арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады; Рейдтер арқылы өрт қауіпсіздігін қадағалайды.

Экологиялық туризм мүмкіндігі. Тополевка орманшылығының табиғи ландшафттары — экотуризмді дамытуға парк қызметкерлері өз үлестерін қосуда Бұл жерде табиғатпен үндесіп демалуға болады; Флора мен фаунаны зерттеуге қолайлы жағдай жасалған.

Тополевка орманшылығы - «Жоңғар Алатауының» жүрегі. Табиғатты сақтау – келешекке деген қамқорлық. Бұл аймақты қорғау – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Н.ФИЛАТОВ,
Сарқан филиалы Тополевка орманшылығының орманшысы.

Правила противопожарной безопасности

Тополевское лесничество — важная часть Сарканского филиала «Жонгар-Алатауского» государственного национального природного парка. Для сохранения уникальных лесных экосистем здесь строго соблюдаются меры противопожарной безопасности, особенно в пожароопасный сезон (весна—осень).

Основные требования. Запрещается: Разводить костры вне специально оборудованных мест; Бросать горящие спички, окурки, тлеющие предметы; Сжигать мусор, сухую траву или ветки; Въезжать в лес на автотранспорте вне дорог общего пользования (искры от выхлопной трубы могут вызвать возгорание).

Разрешено: Пользоваться кострищами только в специально отведённых местах под контролем ответственного лица;(гос инспектора обхода); Заливать огонь водой или засыпать землёй до полного затухания; Немедленно сообщать в ближайший лесной пункт или по номеру 101 при обнаружении дыма или огня.

Профилактические меры:Регулярная минерализация полос вдоль дорог и просек; Патрулирование территории государственными инспекторами; Разъяснительная работа с туристами и местным населением; Установлены аншлаги и предупреждающие знаки.

Ответственность: Нарушение правил противопожарной безопасности влечёт административную или уголовную ответственность в соответствии с Кодексом РК об административных правонарушениях (ст. 367–369).

Берегите лес — это не только природное богатство, но и наша с вами ответственность!

Е.ТОКПАКОВ,
мастер Тополевского лесничества Сарканского филиала.

Орман өртіне жол жоқ

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ парк аумағында орман алқаптарын тілсіз жаудан – өрттен қорғау басты міндеттердің бірі болып саналады. Табиғаттың асыл байлығы орман – өсімдіктер әлемінің және жануарлар дүниесінің үйі. Сол себепті олардың қауіпсіздігін сақтау ортақ борышымыз.

Филиал аумағында жыл сайын көктем және

жаз мезгілдерінде орман өртіне қарсы алдын алу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Бұлар келесі шаралар: Аманбөктер, Басқан, Тополевка орманшылықтарының аумағында өртке қарсы минералды жолақтар 3 мезгіл жаңартылып тұрады. Орман ішіндегі құрғақ шөптер мен бұта қалдықтарынан тазарту жұмыстары жасалынып тұрады. Халыққа түсіндіру жұмыстары (плакаттар, брошюралар, рейдтер, әлеуметтік желі арқылы үндеу жұмыстары) ауыл тұрғындары мен келуші туристермен тұрақты түрде түсіндірме үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Орманшылардың және өрт сөндіру қызметкерлерінің дайындықтарын күнделікті шынықтыру.

Орман өртінің 90 %-ы адам факторынан туындайды. Сондықтан әрбір азаматтың жауапкершілігі - табиғатты сақтау. Орман алқаптарын қорғау – келер ұрпаққа қалатын аманат.

Н.ТӨЛЕУХАН,
Сарқан филиалы Аманбөктер орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

"Мөлдір бұлақ" ациясы

Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ борышымыз. Осы орайда ұлттық парктің Алакөл филиалы аумағында «Мөлдір бұлақ» атты экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық парк аумағындағы табиғи бұлақ көздерін тазалау, қалпына келтіру және оларды қорғауға қоғам назарын аудару.

Акция барысында парк қызметкерлері, мектеп оқушылары, еріктілер және жергілікті тұрғындар бірігіп, бұлақтардың айналасын қоқыстан тазалап, ағаштар мен шөптерден арылтып, су жолдарын ашты. Сонымен қатар, бұлақ басына ақпараттық тақтайшалар орнатылып, су көздерінің экологиялық маңызы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мұндай шаралар су ресурстарын сақтау ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақты табиғатты сүйе, аялауға тәрбиелеу мақсатында аса маңызды. «Мөлдір бұлақ» акциясы ұлттық парктің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жүйелі жұмыстарының бірі болып табылады.

Бұл бастама алдағы уақытта да жалғасын тауып, еліміздің табиғи байлықтарын сақтауға өз үлесін қосады деген сенімдеміз.

М.АРЧАБАЕВ,
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Алакөл филиалының Үйгентас орманшылығы мемлекеттік инспекторы.

Кеспе ағаштарды дайындау

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» Республикалық мемлекеттік мекемесі Алакөл филиалының Көкжар орманшылығында орман орналастыру жобасына сәйкес орманның санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында «Көктерек» ағашы жыл сайын кесіледі. Кесілген кеспе ағаштар орнына жас өскіндері тамырдан жанда нып қайтадан шығады. Кеспе ағаш орнын дайындау үшін ең алдымен орманның жайкүйі анықталады. Бір жыл бұрын кесілетін ағаштарға адамның кеуде тұсынан белгі қойылып, шекарасы бағандармен белгіленеді, қанша текше метр ағаш дайындалатыны анықталып, құжат технологиялық-картасы әзірленеді. Ағаш кесу билеті дайын болғаннан кейін, ауа-райының қолайлы кезінде кеспе ағаш алаңында ағаштар кесіліп, жоғарғы қоймаға жиналады. Бұл үрдіс аяқталғаннан кейін төменгі қоймаға шығарылып, сатылымға қойылады. Кеспе ағаштар орны ұсақ бұтақтардан толығымен тазартылып, дайындық жұмыстары жүргізіледі.

А.АБИЛГАПАРОВ,
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Алакөл филиалының Көкжар орманшылығының орман шебері.



«Көркем әдебиет жас баланы саяси қайраткерге дейін тәрбиелейді» деген неміс жазушысы Лион Фейхтвангердің сөзінің жаны бар. Өйткені балауса өмірге бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол сілтер даналыққа, ұлағат пен өнегеге толы кітап бар да, «шөп те өлең, шөңге де өлең» дегендей көр-жерді әңгімелейтін деңгейі төмен дүниелер де аз емес. Одан қала берді ұлттық мүддені назардан тыс қалдыруға болмайды. Сондықтан қазіргі жастардың қандай кітап оқитынын білу мақсатымен кітапханаға келген оқырмандар арасында сауалнамалар жүргізіліп тұрады.

Кітап оқу – өнер

Кітапханада кітап оқу мәдениетін насихаттаудың заманауи тетіктерін пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Бұл орайда «Бір ел – бір кітап», «Жыл кітабы» және т.б. акциялар мен жобаларды жүйелі түрде ұйымдастыру, қазақ кітабын насихаттаушыларға қолдау көрсету де кітап оқуды жолға қоюға септігін тигізетіні сөзсіз. Сондай-ақ «Қазақ жастары оқуға тиісті 100 немесе 200 кітап» деген сияқты тізімдерді ұсынамыз.

Абонент залындағы сұранысқа қарағанда, Мұқағали Мақатаев – қазіргі оқырмандардың да ең көп оқитын ақыны. Ғабит Мүсі-репов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкеев, т.б. жазушылардың өз оқырманы бар. Салалық әдебиетке келсек, І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі», З.Қабдоловтың «Сөз өнері», Ш.Сарыбаевтың этимологиялық сөздігі қолданқолға тимейді. Сондай-ақ қазір экономиканың рөлінің өсуіне байланысты, кәсіпкерлік, бизнес туралы қазақша кітаптарға сұраныс жоғары. Көпшілікке арналған танымдық, психологиялық

әдебиеттер де жастардың іздеп жүріп оқитын кітаптарының қатарына жатады. Бірақ ондай қазақша кітаптар санаулы, көпшіліктің сұранысын қанағаттандыра бермейді. Мысалы, қазір А.Рысмендиевтің, Қ.Шонбайдың, О.Жәлелдің іскерлік әдебиет сериясындағы кітаптары өтімді. Бұл ретте рухани, эстетикалық әсер сыйлайтын туындылардан гөрі нақты өмірге қажетті, бағыт-бағдар беретін кітаптардың жақсы сұраныста екендігі байқалады. Психология жайлы, өмір заңы туралы кітаптар жазған Саидмурод Давлатов дейтін – психология ғылымдарының докторы бар. Оның «Духовные законы богатства», «Стратегии мышления богатых и бедных людей» «Мой гениальный ребенок», «Философия муравья» атты кітаптары бар. Рухани байлықтың ережелері сіздің жетістікке деген жолыңызға тәуелсіз әсер етеді. Егер сіз осы ережелерден бейхабар болсаңыз, сәттілікке қол жеткізу ұзақ әрі қиын болады. Осы кітаптарда Саидмурод Давлатов анық мысалдармен материалды байлық пен рухани байлық тығыз байланысты



екенін дәлелдейді. Өз шығармаларында алдын ала байлыққа ие болу үшін негізгі рухани байлықтың ережелерін қадағалау қажет екенін айтады.

Бүгінгі таңда кез келген адам үш тілді меңгеруі тиіс. Осы орайда кітапханада қазақ, орыс тілді кітаптармен қатар ағылшын тілінде де кітаптар бар. Осы кітаптарды оқу арқылы балалар тіл үйренумен қатар басқа елдің тарихы, мәдениеті туралы да біле алады. Мысалы, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романы үш тілде жазылған.

Білім – дүниенің кілті. Білім дегеніңіз – ғылым. Ғылым дегеніңіз – электроника, теледидар, ғарыш... Адамзат ұрпағының қазіргі бүкіл рухани, ғылыми-техникалық игілігі осы білімнен тамыр тартқан.

Кітап оқу – өнер. Әр адам өз мамандығына орай, жалпы қызығатын, құмартатын тақырыбына, талғам-талабына, қабілетіне қарай толассыз шығып жатқан қыруар өнімдер тізбегінен қажетті кітаптарын таңдай білуінің өзі – өнер.

Кітап біздің рухани жан азығымыз.

Жас ұрпақтың санасында еліне, жеріне деген мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіріп, ана тілі мен әдебиетін, салт-дәстүрін ардақтай білуге тәрбиелеуде – кітаптың алар орны ерекше. Рухани байлықтың берері мол, қайтарымы шексіз. Жаңарған заманауи ақпараттық жаңа технологиялар дәуірлеген уақытта адамзат ақылының киелі мекені, жан әлемін жаңалыққа жетелеген кітапханадағы кітаптың орнын еш нәрсе алмастыра алмайды. Себебі ол шынайы өнерді қалыптастырып, рухани қажеттілікті өтемейді. «Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге» деп ұлы ақынымыз Абай атамыз жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық. Бар білімнің қазынасын тек кітаптан таба алатынымызды ұмытпайық!

Құрметті оқырман сіздерді жазғы демалыс кезінде рухани орда аудандық кітапханаға келіп кітап оқуға шақырамыз. Келіңіздер! Көріңіздер! Оқыңыздар!

Л.ҚҰЛЫМБЕТОВА,
аудандық кітапхана библиографы.

Домбыра — қазақ халқының жүрегі, тарихы мен тағдыры тоғысқан киелі аспап. Екі ішекті, тоғыз пернелі қарапайым ғана аспап болғанымен, оның сазына бүтін бір ұлттың қуанышы мен қайғысы, арман-аңсары сыйып кеткен. Домбыраның үнімен тербеліп өскен ұрпақ — ұлттық болмысынан ажырамаған, тарих пен мәдениеттің жалғастырушысы. Домбыра арқылы халық өз шежіресін күймен жеткізген. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина секілді күй тарландарынан бастап, қазіргі заманғы күйші-композиторлар да домбыраны ұлттың рухани коды ретінде ұлықтап келеді. Әр күй — бір тарих, әр терме — өмір сабағы.



Ұлт қазынасы - ДОМБЫРА

Осы күні еліміздің барлық өңірінде мәдени-рухани шаралар ұйымдастырылады. Күмбірлеген күй шертіліп, жас домбырашылар мен өнер майталмандары ұлттық өнерді ұлықтайды. Ауылдар мен қалаларда концерттер, көрмелер, шеберлік сабақтары өткізіліп, өскелең ұрпаққа домбыра тарту өнері үйретіледі. Бұл — ұлттық мұраға деген құрмет пен ұлт рухын жаңғыртудың жарқын үлгісі.

Осындай маңызды мереке 2025 жылдың 2 шілдесінде Лепсі ауылында аталып өтті. Ауылдық Мәдениет үйінде Мұқан Төлебаевтың мемориалды музей қызметкерлері ұйымдастырған көрме «Ұлт қазынасы – домбыра» тақырыбында өтті. Шара барысында көненің көзіне айналған, тағылымы терең домбыралар көпшілік назарына ұсынылды. Олардың қатарында: әйгілі Құл ақынның домбырасы, композитор Мұқан Төлебаевтың жақын досы әрі ақын Мақсұт Қайырбекұлының домбырасы, музейдің алғашқы ди-

ректоры Қажыбай Хасенұлы ұстаған домбырасы қойылды. Сонымен қатар, 1936 жылы Мұқан Төлебаев ұйымдарстырған «Жұмысшы жастар» театрында қолданылған домбыра да көрменің құнды жәдігері ретінде ұсынылды.

Шараға ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары мен ұстаздар, мәдениет қызметкерлері қатысып, ұлттық өнердің – күй мен домбыраның – мәңгілік құндылық екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Домбыра — ұлттың үні, қазақтың қанына сіңген қасиетті мұра. Домбыра күні — сол мұраны ардақтап, келер ұрпаққа аманат ететін күн. Бұл — ұлттық рухты көтеретін, елді бірлікке үндейтін, өткен мен болашақты жалғайтын маңызды мереке. Ұлттық аспабымыз — домбыраның үні ешқашан өшпесін!

Д.ТУНГАТОВА,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

"Жоңғар-Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ғылым бөлімінің қызметі мен міндеттері

Ғылым бөлімі — Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми зерттеулерін ұйымдастыратын және жүргізетін ғылыми құрылымдық бөлімшесі. Бөлім табиғи қорық қорының объектілері мен табиғи кешендерді зерттеу жөнінде тұрақты жүйелі түрде бақылаулар, Табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, табиғи кешендердің мониторингін ұйымдастыру, сондай-ақ биоалуантүрлілікті сақтаудың және мемлекеттік табиғи қорық қорының экологиялық жүйелері мен объектілерін қалпына келтірудің ғылыми негіздері мен әдістерін әзірлеу жолымен уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жұмыстарды ұйымдастырады.

Ғылым бөлімі ғылым және ғылыми техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісім бойынша уәкілетті орган текіткен ғылыми зерттеу жұмыстарының жо-спарларына сәйкес зерттеулерді жүргізеді. Бөлімде 8 штат: 1 бөлім басшысы, 3 — аға ғылыми қызметкер, 3 — ғылыми қызметкер және 1 кіші ғылыми қызметкер.

Ғылым бөлімінің негізгі қызметтері «Табиғат жылнамасын» жүргізу, мемлекеттік қорық қорының объектілерін түгендеу және зерттеу, оларды қорғау және қалпына келтіру бойынша ғылыми негізделген шараларды жетілдіру, табиғи процестердің табиғи ағымын және қорғау режимінің экологиялық кешендерге әсерін зерттеу, табиғи кешендерге тұрақты мониторинг жүргізу болып табылады.

Ж. НУРГОЖАНОВА,
"Жоңғар Алатауы" МҰТП ғылым бөлімінің басшысы.

Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ,
журналист-публицист

Шоқан Уәлихановтың артынан Қашқария жеріне барлау жұмыстарымен барған тағы бір қазаққа қатысы бар офицер туралы айтпай кетуге болмайды. Ол – өткен ғасырдың басындағы Қазан төңкерісі кезінде ірі тарихи тұлғалардың бірі болған жерлесіміз генерал Лавр Корнилов. Революцияға дейінгі Ресей Лавр Корниловты алты шет тілін білетін талантты әскери барлаушы, лингвист, саяхатшы, ақын ретінде, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Үндістан, Қытай елдері туралы жазған деректі кітаптары үшін Ресей географиялық қоғамының күміс медалімен марапатталған ғалым ретінде білді. Ал 1917 жылдың тамызынан бастап оны орыстар ғана емес, бүкіл әлем талантты қолбасшы ретінде басқа қырынан таныды.

Уақытша үкімет тұсында орыс армиясының Жоғарғы басқолбасшысы болған генерал Корнилов 1917 жылдың нағыз қас жауы» деген мағынаны білдірді. Ал XX ғасырдың аяғына дейін бүкіл тарих оқулықтарында генерал Лавр Корнилов «пролетариат халықтың идеялық бітіспес жауы» ретінде көрсетілді. Лавр Корниловтың шаруа отбасынан шыққаны туралы деректі кеңестік тарихшылар жасырып қалды. Осылайша патшалық Ресейдің бүкіл әскеріне билігін жүргізген генерал Корнилов Уақытша үкіметтің басшысы Керенскийдің де, енді күш алып келе жатқан большевиктердің де қас жауына айналды.

Лавр Георгиевич Корнилов қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында 1870 жылы 18 тамызда шаруа-казак отбасында дүниеге келген. Шешесі жергілікті қазақтың қызы болған (кейбір деректер бойынша, Аягөз маңының тұрғыны, Корниловтардың үйі кейінге дейін сақталған.) Түрік, араб тілдерінде еркін сөйлеген, тіпті парсы тілінде өлеңдер жазған. Қашқарияға барлау жұмыстарымен барып келгеннен кейін «Қашқар және Шығыс Түркістан» деген кітабы 1901 жылы Ташкентте басылып шықты. Сол жылы сегіз ай Иранда барлау жұмысын жүргізеді. Лаврдың шығыс тілдерін білетіндігі, түр-әлпеті азиятқа ұқсағандығы барлау жұмысына өте тиімді болды. Ол жасаған Иран, Ауғанстанның солтүстік өлкелерінің картасын әскерилер бүгінге дейін пайдаланады.

Лавр Корниловтың өмірбаяны өте қызық. Аз ғана ғұмырында бірнеше шет тілдерді меңгерді, көптеген соғыстарға қатысып, талай елдерде барлау жасаған. Қашқария, Иран, Ауғанстаннан келгеннен кейін, 1905 жылы жапон соғысына аттанады. 1907 жылы әскери құпия агент болып Қытай жеріне кетеді. Пекинде қытайлық жас офицер Чан Кай-шимен танысып, достасады. Ол жақта төрт жыл жүреді. Одан кейін генерал-майор шенінде Амур облысында құрамына 2 жаяу әскер, 3 атты полктары кіретін шекара қызметін басқарады. 1913 жылы бригада командирі болып Владивостокқа ауысады. 1914 жылы Герман соғысына

аттанады. Черемша асуында 3 мың немісті тұтқынға алады. Карпаттан-Венгер жазығына түсіп, жауды тылдан шабуылдайды. 1915 жылдың ақпанында Лавр Корниловқа генерал-лейтенант атағы беріледі.

Көп білетіндігінен шығар, ол нағыз әскери қолбасшы ретінде саясатқа араласқысы келмеген. «Лавр Корнилов сол кездегі офицерлердің

да Жоғарғы басқолбасшы генерал Корниловты қызметінен босатып, Петроградқа қарай бет алған атты корпусы кері қайтаруды талап етеді. Генерал Корнилов оның бұйрығын орындаудан бас тартады. Осыдан кейін Керенский бүкіл елге «Корнилов ереуілші» деп жариялайды. Министр-төраға Керенскийдің: «Корнилов 26 тамыз күні, Уақытша үкіметті

төңкерісіне әкелді. Корниловшылар жеңіліс тауып, Оңтүстік-Батыс майданының басқолбасшысы А.Деникин, генерал С.Марков, И.Эрдели сияқты бірқатар қолбасшылар қамауға алынды. Быхов түрмесіне қамалған генерал Романовский артынан былай дейді: «Корниловты атып тастасын, бірақ «корниловшылар» Ресейде өлмейді, өйткені «корниловшылар» - ол Отанға деген сүйіспеншілік, ал оған ешқандай күйе жаға алмайсың, Ресейді жек көрушілер аяққа таптай алмайды» дейді.

Генерал-барлаушының одан кейінгі тағдырын кеңестік идеология тарихшыларға жаздыртқан жоқ. Соңғы жылдары ашылған архивтік мәліметтерде Корниловтың қалай жерленгені туралы толығырақ айтылады. 1918 жылы 31 наурызда Екатеринодарға шабуыл кезінде Бас штабтың Еріктілер армиясының бас қолбасшысы генерал Лавр Корнилов қаза тапты. Бөлмеге түскен гранатадан қайтыс болды. Басқолбасшының денесі қаладан 40 шақырым жердегі неміс колониясы Гначбау деген

Құпия агент



КОРНИЛОВ

басым бөлігі сияқты социалист те, монархист та болған жоқ, ол саясаттан аулақ болуға тырысқан» деп жазады замандастары. Оның ізін басқан генерал Деникин: «Корнилов көзқарасы, сенімі жағынан либералдық демократияның қалың тобына жақын болды» дейді. Басқолбасшы ретінде генерал Корнилов басқа әскери қолбасшыларға қарағанда армия мен флотты ыдыратпауға көп күш салып, аянбай күрескен.

1917 жылдың жазында Петроградтағы саяси жағдай шиеленісті. Маусымның 26-ына белгіленген РСДРП(б) VI съезі қарсаңында билікті тартып алу мақсатында большевиктер Уақытша үкіметке қарсы ереуілге шықты. Петроград гарнизонындағы әскери бөлімдер мен жұмысшылардан құрылған дружиналар бас көтеріп, күнде қысым көрсете бастағандықтан Уақытша үкіметті басқарып отырған А.Керенский қалада әскери жағдай жариялады. Жоғарғы Басқолбасшы Брусиловты алып тастап, орнына Петроградтың губернаторы Б.Савинковтың ұсынуымен генерал Корниловты тағайындайды.

Генерал Корнилов әскерилердің арасында ең беделді, танымал, ірі тұлға болды, оның маңайына бүкіл сардарлар, казактар, қоғамдастықтың қалың ортасы шоғырланды. 1917 жылдың 19 маусымында Жоғарғы басқолбасшы қызметіне тағайындалған генерал Корнилов үкіметтен «тек өзінің ар-ожданы және халықтың алдында ғана жауапты» екендігін қабылдауды талап етеді. Сондай-ақ, әскери тәртіпті қатайтып, майдандағылар үшін өлім жазасын енгізуді сұрайды.

Бірақ көп ұзамай, 1917 жылдың 27 тамызы күні Керенский кабинетті таратып жіберіп, диктаторлық құзырлықты өз мойнына алады. Заң жүзінде құзырлығы болмаса

барлық әскери және азаматтық билігімен өткізіп беруді талап етіп, маған Мемлекеттік думаның депутаты В.Львовты жіберді. Елді басқару үшін өз қалауым бойынша жаңа үкімет құруды қарастырамын...» деген сөзі архивте сақталған.

Корнилов болса «Үкімет тағы да жауапсыз ұйымдардың қысымына түсті» деген қорытынды жасап, Жоғарғы басқолбасшылық қызметінен кетуден бас тартады. Онымен қоймай: «Уақытша үкімет большевиктердің қысымымен германиялық бас штабтың жоспары бойынша әрекет жасауда» деп жаңсақ айтып қалып, басқа саяси күштердің барлығын дерлік өзіне қарсы қойып алды. Бірақ Корниловтың «Халықты жеңіс арқылы Құрылтай жиынына дейін жеткіземін» деген сөзін көптеген генералдар, офицерлер одағы қолдады. «Империяның екінші қылышы» генерал Каледин де Корнилов жағына шықты. Төрт майданға басшылық жасап отырған генералдар да Жоғарғы басқолбасшыны қолдайтынын білдірді. 28 тамыз күні генерал Корнилов «елде қатал билік болуы үшін» Крымның атты корпусына Керенскийге ашық шабуыл жасауға бұйрық береді. Басқолбасшыны орнынан алуға Уақытша үкіметтің шамасы келмеді, қайта соғыс батыры, талантты қолбасшы Корниловтың даңқы арта түсті. Алайда оны саяси күштердің барлығы бірдей қолдады деп айтуға болмайды.

Крымның әскері 28 тамызда Лугтағы гарнизонды қарусыздандырып, басып алады. Корниловтың «туземдік дивизиясы» Петроградтағы әскерлермен ұрысқа түседі. Жаны қысылған Керенский большевиктерге жалтақтайды. Нәтижесінде жергілікті жұмысшыларға қару таратылып, Корниловшыларға қарсы қояды. Мұның арты большевиктердің Қазан

жерге жеткізіліп, 2 сәуір күні құпия түрде жерленді. Оның басында белгі де, төмпешік те болмаған. Бірақ жергілікті тұрғындар жеңіліс тапқан әскерилердің жер қазып «ақша, асыл заттарын» жасырын көміп жатқанын көріп қалған. Корнилов өлген соң қолбасшылықты қабылдап алған Деникин сол күні жорыққа аттануға бұйрық берген.

Ертесінде Екатеринодарға кірген қызыләскерлер полкі бірінші кезекте ақгвардияшылар тыққан «қазынаны» іздей бастайды. Тұрғындардың көрсеткен жерін қазады. Бірақ алтын-күмістің орнына екі жас мәйітті табады. Генералдың оқалы мундирінен мәйіт Корниловтікі екенін таныған қызыләскерлер оны арбаға салып, Екатеринодарға алып келеді. Генералдың сүйегі тиелген арба Собор алаңына қойылып, оны тірі кезінде көзі көрген адамдар арқылы Корнилов екендігін анықтайды. Қызыләскер командирлері Сорокин мен Золотарев мәйітті суретке түсіріп, содан кейін Корниловтың өлі денесін қала сыртына апарып өртеп жіберуге бұйырады. Бұл бітіспес тап жаулары арасындағы қантөгістің шарықтау шегіне жеткен кез еді. Сол тұста екі жақтан да жантүршігерлік небір қылмыстар жасалды. «Аузындағы жалғыз алтын тісті жұлып алғаннан кейін бас сүйекті аяғымен тепкілеген», деп жазылады оқиғаға куә болғандардың сөздері бойынша жасалған құжаттарда. Өртелген мәйіттің күлін желге ұшырып жіберген. Артынан Кубань өзенінің жағасынан зайыбы Таисия Владимировнаның зираты жанынан генерал Корниловқа символикалық белгі қойылған. Бұл мақала негізінен тарихи деректерге сүйеніп жазылғандықтан, бұрын айтылмай келген, кейіннен ресейлік басылымдарда жарияланған осындай фактілерді айналып өтуге болмады.

Шілде айының 22 - күні Сарқан аудандық кітапханасында 2024 жылдың 2 қыркүйегінде ҚР Президенті Қасым -Жомарт Тоқаевтың 2025 жыл «Жұмысшы мамандығы жылы» - деп жариялануына орай «Аманжол» шаруа қожалығының басшысы, жеке кәсіпкер Малғаждарова Кульбану Асқарқызы және жеке кәсіпкер Райгүл Закарияқызының қатысуымен «Еңбек адамының моделі» атты танымдық сағат өткізілді.

Іс-шара барысында кейіпкерлеріміздің өмір және еңбек жолы туралы сюжет көрсетіліп, кейіпкерлеріміздің өмір деректерінен қысқаша мәлімет беріліп, олар жиынға қатысқан жастардың сауалдарына жауап берді. Қала тұрғындарына демеушілігімен

ТАНЫМДЫҚ САҒАТ ӨТКІЗІЛДІ



танымал Кульбану Малғаждарова қара жердің қайтарымын еселеп жүрген шаруа қожалығының жетекшісі, Райгүл Закарияқызы жылқы өсіріп, бие сауып, қымыз өндірумен қатар қазақтың қолөнерін дамытуға үлес қосып келе жатқан шеберлеріміздің

бірі. Кездесу барысында аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Жомарт Игіман, іскер әйелдер кеңесі аудандық филиалының төрайымы Кенжетай Тазабекова, аудандық ардагер әйелдер кеңесінің төрайымы Ұлжан Смаханова тақырыпқа



орай ой-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар мәдениет үйі қызметкерлерінің орындауында әсем ән шырқалып, кейіпкерлеріміздің қолөнер көрмесі тамашаланды. Шара соңында жұмысшы жылына орай ұйымдастырылған «Еңбек түбі береке» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.

Өз тілшіміз.

Қойлық қаласы және оның туризмдегі дамытудағы орны

Ғылыми-танымдық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін тарихи-археологиялық ескерткіштердің бірі - Жетісу Алатауының мұзартты шыңдарынан бастау алатын, Балқаш-Алакөл алқабына жататын Көксу-Қаратал, Басқан, Лепсі, Тентек-Жаманты өзендерінің орта ағысындағы егіншілік пен мал шаруашылығын қатар дамытуға мүмкіндік беретін құнарлы, жазиралы жазықтардағы ерте орта ғасырлардағы гүлденген сауда мен саяси -әкімшілік орталығы болған Қойлық (Қиялық), Екі Оғыз (Қосөзен), Көктұма сияқты қалалар мен Ұлы Жібек жолының шығыс тармағының бойында орналасқан төрткүлдер.

Ежелгі қалалар мен төрткүлдердің бой көтеріп, отырықшы және көшпелі мәдениеттің қатар дамуына төмендегі табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлар әсер етті:

-егіншілікті дамытуға сол кездері агроклиматтық жағдайдың қолайлы болуына байланысты халықтың қола, сақ кезеңдерінен бері қарай жиі қоныстануы;

-Батыс Еуропа мен Шығыс Азияны байланыстыратын адамзат қоғамының дамуына баспалдақ болған Ұлы Жібек жолының шығыс тармағы Жетісу Алатауының солтүстік бөктерін бойлай өтуіне орай сауданың қарқынды дамуы; сауданың өркендеуіне орай қолөнер мен қала құрылысының гүлденіп, халықтың таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылуы;

-әр түрлі өркениеттердің тоғысқан ірі сауда орталығы болғанын дәлелдейтін мұсылман мешітінің, христиан шіркеуінің, және будда храмының болуы. Ғылыми-танымдық және экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін болашақтағы ірі орталықтардың бірі - X-XII ғасырларда Қарлұқ қағанатының астанасы болған ежелгі Қойлық қаласы. Оның орнына 1998-2005 жылдар аралығында жүргізілген археологиялық қазба жұмысының барысында әр түрлі өркениеттердің тоғысқан ірі сауда орталығы болғанын дәлелдейтін бірнеше маңызды нысандар анықталды. Олардың қатарына тартымдылығымен ерекшеленетін төмендегі нысандарды жатқызуға болады:

- ежелгі қаланың оңтүстік-шығысындағы рабаттағы шығыс моншасы, бай саудагердің үйі мен керуен сарайы; орталық бөлігінде орналасқан цитодельдегі мұсылман мешіті; -қаланың солтүстік-батыс шетіндегі будда храмы.

Аталған ғимараттардың салыну ерекшелігі мен қазба жұмыстарының барысында табылған құндылықтар Жетісу өңіріне төн қала құрылысы мен сәулет өнерінің өркендегенін айғақтайтын маңызды туристік нысан болып табылады. Солардың ішіндегі туристерді аса қызықтыратын ерте орта ғасырлық сәулет-құрылыс нысандарының бірі-ежелгі Қойлық қаласының шығыс

шетіндегі мұсылман моншасы - хамам. Ол қазіргі Қойлық ауылының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Аумағы 25х17,5 метр. Кешеннің іргетасы мен негізгі керегелері судың бұзушы әрекетіне төзімді құм мен саздан күйдірілген қыш кірпіштерден қаланған. Төрт бұрыштары кеңістіктің негізгі бағытына сай келеді. Ғимарат Сарқан өңірінде соғатын күшті желдерге бағыттас салынған, пішіні төрт бұрышты. Ежелгі қаланың басқа әлеуметтік-тұрмыстық нысандарынан негізгі айырмашылығы су эрозиясына төзімді күйдірілген қыш кірпіштен салынған. Нысанды туристерге таныстыру барысында суда ерімейтін қыш кірпіштерді бір-бірімен байланыстыратын материал ретінде Орта Азияға тән ерекше әдіспен даярланған алибастр қолданылғанына баса назар аудару қажет.

Еденіне шахмат үлгісімен су өткізбейтін 25х25х5 см-лік тығыз қыш кірпіш төселген. Монша кіре беріс дәлізден (1) және орталық жуынатын бөлменің (2) жан-жағында крес тәрізді болып орналасқан жеті бөлмеден тұрады. Барлық бөлмелердің (3,4,5,6,7,8.) есіктері орталық жуынатын бөлмеге (2) ашылады. Қазба жұмыстарын жүргізген археолог ғалымдар мен тарихи жазба дерек көздеріне сүйенсек, мұсылман моншаларының бөлмелері температураларының ерекшеліктеріне сай жылы және ыстық болып екіге бөлінген. Олар температуралары біртіндеп артуымен ерекшеленген. Жуынатын бөлмелерде су құятын астаулардың орны бар. Олар қыш кірпіштен қаланып ақ түсті суда ерімейтін арнайы қосылысты сылақпен (алибастр) майланған. Қойлық қаласындағы Шығыс моншасы мен басқа да нысандарды жылыту үшін барлық бөлмелердің еденінің астымен беті 25х25х5 сантиметрлік тең бүйірлі төрт бұрышты қыш кірпішпен жабылған түтін шығатын құдықтар жүргізілген. Бөлмелер жақсы жылыну үшін тандыр пештерін еденнің деңгейінен төмен салған. Барлық тұрмыстық және әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нысандар сияқты хамамға да таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын көлденең қимасы 12-15 сантиметрлік қыш құбырлар жүргізілген. Ұзындығы 0,5-1 метрге дейін жететін қыш құбырларды отандық және шетелдік туристерге таныстыру арқылы Жетісу өңірінде IX-XIII ғасырлардың өзінде қала құрылысы мен сәулет өнерінің жоғары деңгейде дамып, халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылғанын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Ежелгі Қойлық қаласын сумен қамтамасыз ету үшін Лепсі өзенінен тартылған арнайы жабық құм сүзгілерден өткізіліп тазартылған суды жеткізетін ұзындығы 12 шақырымнан асатын қыш құбырлар айғақтайды.

Ежелгі Қойлық қаласының ірі сауда орталығы болғанын айғақтайтын жақсы сақталған, туристік тұрғыдан алғанда ең тартымды әрі маңызды екінші нысан-ежелгі қаланың солтүстік-батыс шетіндегі ауданы

400 шаршы метрден асатын-будда храмы. Храм табынатын кең орталық және оған жапсарлас жатқан бірнеше қосалқы бөлмелерден тұрады.

Ауданы 48-50 шаршы метрге жететін орталық бөлме ғибадат етету қызметін атқарған. Табынатын орталық бөлменің жан-жағынан ені 3 метр болатын қосалқы бөлмелер ұзыннан- ұзақ созылып, қоршап жатыр. Кіре беріс бөлме дәліз қызметін атқарған. Ғимараттың биіктігі - 3 метр, керегелерінің қалыңдығы-80 сантиметр. Ең астында іргетас қызметін атқаратын екі қатар күйдірілген қыш кірпіштің үстіне 5-6 қатар шикі саз кірпіштер қаланып, тағы да екі қатар күйдірілген кірпіш қаланған. Орталық бөлменің табанынан бір-екі метр биіктікте бүкіл керегені бойлай көлбей қаланған арасы қуыс екі қатар кірпіш бар. Қуыс дәліз бен орталық бөлмені бір-бірімен байланыстыратын есіктің жақтауы да айқын байқалады. Ол бөлмелердің ішін желдетіп, керегені ылғалдан сақтау немесе бүкіл керегені бойлай салынған түтін шығатын жылу жүйесі қызметін атқаруы мүмкін.

Еденге 25 x 25 x 5 сантиметр күйдірілген кірпіш төселген. Оның астында түтін арқылы бөлмелерді жылыту қызметін атқарған жылан құдықты көң жүйесі жүргізілген. Еденнің астымен жүрген түтін бүкіл бөлмені жылытып, керегені ылғалданудан сақтаған. Ғимараттың төбесін жергілікті шырша бөренелермен жапқан. Оны күйген ағаштың қалдықтары дәлелдейді. Мұқият зер салып қарағанда керегесіндегі сылақтардың қызыл-сары дақтары арқылы будда храмының үлкен өрттің әсерінен бұзылғанын анық байқауға болады.

Туристерге ежелгі Қойлық қаласының орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында ашылған әлеуметтік-тұрмыстық маңызы бар ғимараттарды таныстыру барысында, бөлмелердің керегелерінің симметриялы болып, математикалық өлшемге негізделіп, кірпіштердің белгілі бір түзудің бойымен қалануы сонау IX-XIII ғасырлардың өзінде сәулет өнерінің қарқынды дамығанын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Туристерге ежелгі Қойлық қаласын таныстырғанда, оның ерте орта ғасырларда ірі сауда орталығы болғанын айғақтайтын археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген үшінші тұрмыстық нысан -"Бай саудагердің үйі". Ол қаланың шығыс бөлігінде орналасқан. Ғимараттың аумағы 41х 44 метр, төрт бұрышы кеңістіктің негізгі бағытына сай келеді. Сыртқы керегесінің қалыңдығы-0,8-1 метр. Тұрғын үй кешені қонақ күтетін бірнеше кең және шағын жатын бөлмелерден тұрады. Батыс шетіндегі кең бөлменің ортасында көлденең қимасы 1,5 метрге жететін дөңгелек диірменнің тасы бар. Жылыту жүйесі ретінде ерте орта ғасырдағы шығыс елдеріне тән көң жүйесі пайдаланылған. Қазба жұмыстарының барысында аталған нысаннан саудагердің үйі екенін айғақтайтын XIII ғасырда Иран-

да жасалған әйнек ыдыстар мен Қытайда жасалған шыңылтырланған жасыл түсті қыш құмыралар табылған.

Жоғарыда аталған ғимаратты бастапқы қалпына келтіріп, қазба жұмыстарының барысында табылған археологиялық құндылықтарды экспонат ретінде қойса, тартымдылығы мен тарихи маңызын арттырып, Орта Азиядағы ортағасырлық өркениеттің ірі орталығы болғанын дәлелдеумен қатар, туризмнің ірі орталығына айналдыруға мүмкіндік туар еді.

Ежелгі қала орнындағы нысандармен танысуға келген туристердің назарларын аудартуға қолайлы орындардың төртінші түрі - орталық бөлігіндегі елбасылары тұратын цитодельдегі мәдени қабаттарды айқындау мақсатында қазылған тереңдігі 1,52 метрге дейін жететін археологиялық ор (шұф). Жер бетінен табиғи аналық жыныстарға дейін баспалдақ тәрізді қазылған ор арқылы алыстан келген шетелдік және отандық қонақтарға ата-бабамыз қоныстанғанын дәлелдейтін мәдени-тұрмыстық қабаттарды таныстыруға болады. Сыртқы күштердің бұзушы әрекетіне жол бермей, қайта қалпына келтірілген жағдайда, X-XIV ғасырлар аралығында цитодельдің 4 рет бұзылып, қайта тұрғызылғанын туристер өз көздерімен көре алатындай жағдай туар еді. Білікті таныстырушы әлеуметтік-тұрмыстық нысандардың бұзылып, уақыт өте келе қайта қалпына келтірілуіне жаугершілік замандағы соғыстың салдарынан болған өрттердің, жер сілкінуі мен су тасқындарының әсер еткенін шөгінді тау жыныстары мен кезектесіп келетін тұрмыстық-мәдени қабаттыңдағы күйген ағаш қалдықтары, керегелердегі қызыл-сары түсті күйген сылақтар арқылы дәлелдей алады.

Ерте орта ғасырларда ежелгі Қойлық қаласының бірнеше діннің тоғысқан ірі сауда орталығы болғанын айғақтайтын бесінші маңызды туристік нысан-Ащыбұлақ өзенінің оң жағалауындағы цитодельдің маңындағы мұсылман мешіті. Ғимараттың аумағы 20х20 метр, басқа нысандар сияқты төртбұрышы кеңістіктің негізгі бағытына сай келеді. Қалыңдығы 0,8-1 метрге жететін сыртқы керегесі іргетас ретінде қаланған екі қатар күйдірілген қыш кірпіштің үстіне шикі кірпіштер қалау арқылы жасалған. Ғимарат мінізат ететін бірнеше кең және шағын қосалқы бөлмелерден тұрады. Намаз оқитын бөлмелер қазақ тұрмысында кеңінен қолданылатын аң бейнелі ою-өрнекпен әшекейленген шырағандармен жабдықталғанын қазба жұмыстары барысында табылған заттай деректер айғақтайды. Аталған нысан қазіргі ауыл адамдары көп жүретін көшенің бойында орналасқандықтан, басқаларына қарағанда нашар сақталған. Ол жедел қалпына келтіріліп, сирек кездесетін бірегей тарихи-археологиялық ескерткіш ретінде ерекше қорғауды қажет етеді.

Қойлық (Қиялық) қаласын туризмнің ірі орталығына айналдыру үшін шығыс моншасы мен басқа да әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нысандарды толығымен қайта қалпына келтіріп, ашық аспан астындағы тарихи-археологиялық қорық-бақ ашу-болашақтағы кезек күттірмес мәселелердің бірі.

Еркін ТОҚПАНОВ,
тарихшы-өлкетанушы.

Өнегелі ана-ұстаз

Оу, замандас, ей, ұрпақ!
Оны күні шілденің
"Жетісуды" көрсең сен тыңдап,
Мақтанар күнің ол сенің!

Бағдарламасында "Таңжарық",
Эфирге шықты жерлесің.
Түйсіне білсең аңғарып,
Танытты Сарқан зердесін.

Кере отырып маңлайын,
Тайбурылдай көсілді.
Қазақтың бұрын қандайын,
Жіліктеп еске түсірді.

Өнегелі ана--ұстаз,
Ұрпақ үшін егілді.
Болса да уақыт өте аз,
Әр сөзі жырдай төгілді.

Мысал қып әрбір түйткілді,
Тәптіштеп айтты шешуін.
Тұлпардай сөзбен жүйткіді,
Кейде айтып өзі кесімін.

Күрделі мына заманда,
Маңызына тоқтап тәрбие.
Алдағы әрбір қадамда,
Керек деді бір жүйе.

Сал-дәстүр еді ол жүйе,
Бабалар салған даңғыл жол.
Бабаларға бас ие,
Аударды назар соған ол.

Шабыттың мініп тұлпарын,
Сандығын ашты білімнің.
Көрегендіктің қолға ап сұңқарын,
Шарлады өмір қиырын.

Тәрбиеде қол неге жеткенін,
Айта келе саралап.
Қай жерде қате кеткенін,
Оны да талдады даралап.

Ойланардай айтты бәріміз,
Ойландырса бізді болашақ.
Тәрбиеден шын әлі біз,
Жүр екенбіз тым алшақ.

Кім дерсіз ол құпия жан,
Сарқан атын шығарған.
Смаханова ол--Ұлжан,
Көрініп жүрген кіл алдан.

Мен өзім осы сұхбаттан,
Көп ғибрат алғандаймын.
Әріптес деп етем мақтан,
Басқа да білер кім қандайын.

Бағалап қолдағы алтынды,
Арттырайық оның мерейін.
Әмбабап жанды ол сынды,
Дей жүр, халқым, "жебейін"!

Болатхан ЕСІРКЕГЕНОВ,
Сарқан қаласы.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Құрметті Серік Тумабаев! Сіздей ардақ тұтар ер-азаматтың кемел жасы елуге толуы — біз үшін үлкен қуаныш. Ағайынға, жақын-жұрағатқа, қызметтес әріптестеріне ғана емес, өзін танитын барша жанға сыйлы, беделді ағамызды туған күнімен құттықтаймыз.

Тағдыр ұзағынан сүйіндірсін, шаңырақтарыңыздан лайым шаттық, құт-береке үзілмесін, балаларыңыздың қуанышына кеңеліңіз!

Ізгі тілекпен: Сарқан көпсалалы колледжінің ұжымы.



Қыш құмыра

Көнеден келе жатқан атамұра — қыш өнері бұйымдары бүгінде аса бір сұранысқа ие болмаса да, көрмелерде, үлкен-үлкен шараларда, музейлерде байқалып қалады. Қыш құмыралар десе, археологиялық қазбалар кезінде табылған ернеуі жарылған, сынған құмыралар көз алдымызға келеді. Жалпы, қыш құмыралар Қазақстан жерінде неолит дәуірінен бастап белгілі. Ертеректе жерлеу рәсімі бойынша мәйіттің қасына ыдыс-аяқтар қойылатын болғандығын ескерсек, бұл қыш құмыралардың ішінде тарихтың талай құпиясы сақталғандығы айқын. "Сарқан ауданының тарихы музейінде" археологиялық қазбалар кезінде табылған көне қыш бұйымдары баршылық.

Құмыра — қыштан, шыныдан жасалған ыдыс. Қыш құмыралар Қазақстан жерінде неолит дәуірінен бастап белгілі. Бертін келе шыны құмыралар пайда болған. Әсіресе, археологиялық қазба кезінде табылған көне мұралар ішінен қалыпқа құйып, күйдіріп жасалған әшекейлі қыш құмыралар көптеп кездеседі. Ескерткіштердің хронологиялық мерзімін, археологиялық мәдениеттерді анықтауда олардың маңызы өте зор. Ортағасырлық Ақтөбе қалашығында қыш ыдыстар жасайтын үлкен пештер болған. Отырар қаласының орнын қазғанда сынбай сақталған әдемі құмыра күйдіру пешінің ішінен табылған. Сонымен қатар Ежелгі Қойлық қалашығының орнынан табылған қыш құмыралардың жасалу технологиясының ерекше шеберлікпен жасалғандығын айтуға болады. Құмыраның көлемі әр түрлі, кейбір үлкен құмыраға 50 — 60 кг ұн сиятын болған. Күйдіру кезінде құмыраның пішінін бұзбай қатыру үшін пеш ішінде бірқалыпты жоғары температурада сақталған. Бертін келе шыны құмыралар пайда болды. Құмыра көбіне бүйірлі, ернеулі, ұзын мойынды, кейбірі тұтқалы болып жасалынатын болған. Қазіргі таңда музейлік маңызы бар жәдігерлерді мұражай қабырғасынан көптеп кездестіруге болады.

М.КАРИБЖАН,
Сарқан ауданының тарихы музейінің меңгерушісі.

Хабарландыру/Объявление

► **ПРОДАЕТСЯ ДОМ** по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсиздик 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдыкорган. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

► **Дәнеш Тілеуханның** атына тіркелген Mazda 626 автокөлігінің BS 00044492 нөмірлі тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Оспанова Бакытгуль Адилькожановнаның** атына тіркелген В санатты жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№5 туристік бағыты - Үлкен Басқан шатқалы

Жетісу жерінде табиғаты көркем, туристік әлеуеті зор көптеген аймақтар бар. Солардың бірі — «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Сарқан филиалына қарасты №5 туристік бағыты Үлкен Басқан шатқалы. Табиғаттың баға жетпес байлығы саналатын бұл шатқал — саф ауасымен, мөлдір өзенімен, сәл-фи алаңымен, сарқырамасымен, биік жартастарымен танымал және осы бағыт Өтепсай, Жамансай, Қарауңгір, Қонақбай, Тәуке, Маралсай атты сайлармен баршаға аян. Туризм саласын дамытуда бұл аумақтың берері мол.

Шатқалдың саф табиғаты — экотуризмді дамытуға таптырмас негіз. Мұнда келушілер табиғат аясында серуендеп, жабайы аң-құстар мен өсімдіктер әлемімен танысып, экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып тынығуға мүмкіндік алады.

Тау бөктерін бойлай жүретін жаяу маршруттар табиғатты сүйетін жандар үшін ерекше әсер сыйлайды. Бұл бағыт — кәсіби фотографтар мен хобби иелерін қызықтырады, таңғажайып көріністерді көреді. Әсіресе, белсенді демалысты ұнататын жастар арасында танымал.

Табиғат сұлулығын суретке түсіргісі келетіндер үшін шатқал — шабыттың көзі. Ерекше жарық пен табиғи көріністерді камераға түсіру үшін таң мен кеш мезгілдері таптырмас уақыт. Бұл бағыт — кәсіби фотографтар мен хобби иелерін қызықтырады.

№5 туристік бағыты Үлкен Басқан шатқалы — тек табиғат аясындағы демалыс орны емес, ол — Жетісудың туристік брендіне айналар әлеуеті зор өңір. Осы бағыттағы жұмыстар күшейсе, өңір экономикасы мен аудан туризміне тың серпін берері анық.

И. АЯЗОВ,
«Жоңғар-Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы
Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Тілсіз жау - орман өрті

Орман өрті — абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі көп, бірақ көбінесе адамдардың табиғат аясына шыққан кезде қауіпсіздік талаптарын сақтамауынан туындайды. Биыл да күннің қатты ысып кетуі, жауын-шашын мөлшерінің аздығы өрт қаупі болу ықтималдығын арттырып тұр. Орман өрттері үлкен жылдамдықпен тарайды және жердің орасан үлкен аумағын өртеп жібеуі мүмкін. Ол кез келген жерде тұтанады.

Орман өрттерінің зардаптары көп. Мысалы орман өрттері су тасқыны мен лай көшкінінің ықтималды қауіптілігін күшейтеді. Өрт кезінде бөлініп шығатын түтін мен басқа да зиянды заттар адам денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді. Ағаштың, жемшөптің, флора мен фаунаының, көрікті жерлердің және су айрықтарының қорын жояды. Демалатын жерлер мен туризмнің аумағын тарылтады. Сондықтан осынау тілсіз жаудың алдын алу айрықша маңызды.

Орманда тыйым салынады: Темекі шоқтарын және сіріңке тастауға; Орманда өртүрлі пиротехникалық бұйымдар: петардалар, бенгал шамдары, шамдар және т.б. қолдануға; Жанармай сіңдірілген маталар мен материалдарды қалдыруға; балаларға отпен ойнауға рұқсат беруге; желді ауа райында отты қараусыз қалдыруға. Орманды өрттен қорғаныз! Табиғатты сүйіп, құрметтеңіз, ол сізге ормандар, өзендер мен көлдердің байлығын сыйлайды.

А.КАЙРБЕКОВА,
Сарқан филиалының байланыс диспетчері.